

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ПӘНІ, ӘДІСІ, ҚАҒИДАЛАРЫ, ЖҮЙЕСІ

Экологиялық құқықтың пәні

Заң ғылымына жеке өз бетінше салалар бойынша құқық нормаларын айыруда негіз ретінде келесі өлшемдер мойындалады: құқықтық реттеудің ерекше объектісі; құқықтық реттеудің әдістерінің ерекшеліктері; құқықтық реттеудің көздерін кодтау; қоғамның тиісті салаға өз бетінше ретінде құқық бөлудегі объективті қызығушылық танытуы. Атап өтілген өлшемдердің бастысы арнайы, айрықша құқықтық реттеу объектісі есептеледі.

Экологиялық құқық объектісі дәстүрлі көзқарас тұрғысынан алып қарағанда қоғам мен табиғат саласында қалыптасқан өзара әрекеттерінің қоғамдық қатынастары болып табылады. В.В.Петровтың пайымдауынша – Экологиялық құқық объектісі қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады... олар табиғи объектілерді қорғау мен табиғи ортаны түгелдей қорғауға қатысты пайда болады және дамиды.¹

Экологиялық құқық нысанын анықтау үшін, қоғамдық қатынастардың қалыптасқан себептері бойынша объектінің нақты табиғатын белгілеп алу қажет – деп тұжырымдайды Б.В.Ерофеев. «қоғам-табиғат» - сөзінің кең көлемдегі саласындағы барлық қатынастарда экологиялық құқық объектісі бар деген көзқарастағы көптеген ғалымдар бар. Алайда, табиғат объектілеріне қатысты қатынастардың бәрі экологиялық құқық объектісін құрамайтынын айта кеткен жөн. Егер, белгілі бір қоғамдық қатынастағы табиғи объекті табиғи ортадан шығарылса, онда ол экологиялық құқық объектісі болуын тоқтатады. Қазақстандық ғалым С.Д.Бекишованың пайымдауынша, экологиялық құқық объектісін реттеу ретінде келесі қатынастар шығуы мүмкін:

1) жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша;

2) қоршаған табиғи ортаны қорғау бойынша (табиғатты қорғау қатынастары);

3) табиғи ресурстарды рационалды пайдалану бойынша (табиғи-ресурстық қатынастар).²

Б.В.Ерофеев экологиялық құқық объектісіне – экологиялық-құқықтық нормалардың әрекеттері саласында азаматтар мен ұйымдардың арасындағы міндетті түрде мемлекеттің қатысуымен табиғи объектілерді (экожүйелерді) тиімді пайдалануды қазіргі және келер ұрпақтың мүдделері үшін қоршаған ортаны сақтау мақсатында қалыптасқан тарихи шарттасқан өндірістік қатынастарды жатқызды.³

Біз осы экологиялық құқық объектісі бойынша көзқарасты қолдаймыз.

Экологиялық құқықтағы құқықтық реттеу әдістері

Әдіс – нақты міндеттерді шешуге бағынышты шындықты игеруге арналған теориялық және практикалық әдістер мен тәсілдердің жиыны. Қолданыстағы құқық жүйесінде адамның мінез-құлқына қандай да бір құқықтық нормаларды: әкімшілік-құқықтық және азаматтық-құқықтық нормаларды орындауға әсер етудің екі тәсілі бекітілген.

Б.В. Ерофеев құқықтың әр саласы әдістердің тәсілдемесі болуы қажет деген көзқарасты мейлінше сәтті деп есептейді. Әдістердің осындай тәсілдемесі экологиялық құқыққа тән.

Тәсілдің ерекшелігі⁴ экологиялық құқықтың объектісі⁴ ерекшелігіне шарттасқан, сондықтан, экологиялық құқықтың нысанын құрайтын экологиялық қоғамдық қатынастар кешені, оны құқықтық реттеу әдістерінің тәсілдемесінде айқындалған. Ерофеевтің пайымдауынша, Экологиялық құқықта экологияландыру әдісі басты болып табылады.

Экологияландыру әдісі экологиялық құқық объектілерінің өзгешіліктерінен туындаған. Бұл өзгешіліктер экологиялық құқық қатынастарын құқықтық реттеу аясында табиғат заңдары ескерілуі қажет дегенге әкеледі. Экологиялық қоғамдық қатынастарға басқа да

¹ Петров В.В. Экологическое право России М.,1995. 56 б.

² Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан: Оқу құралы. Қарағанды 2001, 9-10 б.

³ Ерофеев Б.В. Экологическое право М.,1998 99 б.

⁴ Аксененок Г.А. Методы правового регулирования земельных отношений в СССР Общая теория советского земельного права. М., 1983, 107-108 б.

әдістердің әсерлерін, мысалы «экономикалық» және басқаларды көрсетуге болатынын естен шығармауымыз қажет.

Экологиялық құқықтың қағидалары

Экологиялық құқықтар принциптері яки тікелей құқықтық нормаларда қалыптасқан, яки қолданыстағы заңдардың мағынасынан шығады. Құқықтың осы саласын қалыптастыруда, жалпы құқықтық және салааралық принциптер сөзсіз қатысады. Сонымен бірге, экологиялық құқық саласының ерекшеліктері осы салаға өзіндік сипаттағы немесе осы салаға тән құқықтық реттеулер принциптері арқылы барынша бедерлі айқындалады.

ЭК 5 бабында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының негізгі принциптері болып табылатындар деп төмендегілер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқару;
қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;

қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы және оған рұқсат алу тәртібі;
табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;
қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;

табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;

экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;
табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;

Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

Экологиялық принциптер - экологиялық қатынастарды реттейтін, осы құқық саласының мазмұнында анықталатын, экологиялық құқықта нысаны және әдісі жөнінен құқықтық реттеудің нормаларын біріктірген құқықтық нормалардың жинақталған, біртұтастық беретін нормативтік-басқару идеяларының, ережелерінің құқықтық нормаларында көрініс табуымен түсіндіріледі.

Экологиялық құқық жүйесі оқу пәні ретінде

Экологиялық-құқықтық нормалар реттелетін қатынастар шеңберіне қатысты институттарға біріктірілген (субинституттарға), олар өз кезегінде құқықтың оқылатын саласына біріктірілген.

Экологиялық институт дегеніміз ұқсас қоғамдық қатынастардың санаулы түрлерінің құқықтық нормаларының жиынтығы.

Маңыздылығына байланысты институттар экологиялық құқықта бәрінен бұрын, жалпы

және ерекше бөлімдерге біріктірілген, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары тағы арнайы бөлімді шығарған. Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінің институттарына осы саланың барлық жүйесіне жалпы маңызы бар барынша маңызды ережелер бар институттар енген. Осы құқықтық институттар ерекше бөлімнің институттарының құрамы мен мазмұнын қалыптастыруға шешуші ықпал жасайды.

ҚР Экологиялық құқықтарының оқыту курсына мынадай негізгі институттар енгізілген: Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері – қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселесі; Экологиялық құқық түсінігі, объектісі, әдісі, принциптері; Табиғи ресурстарға меншік құқығы; Табиғатты пайдалану құқығы; Экологиялық құқық көздері; Экологиялық пайдаланым мен қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеу; Экологиялық бақылаудың ұйымдастыру-құқықтық формалары; Қоршаған табиғи ортаға әсерді бағалау мен экологиялық сараптама; мемлекеттік экологиялық мониторинг және табиғи-ресурстық кадастрлар; Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық реттеу; Шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

Ерекше бөлімде келесі институттар бар: Жердің, жер қойнауының, жер үсті және жер асты сулары, ормандарды қорғау және пайдалану саласындағы экологиялық-құқықтық режим; Атмосфералық ауаны қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; Жануарлар дүниесін молықтыру мен пайдаланудағы экологиялық-құқықтық режим; Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі; Атом энергиясы мен радиацияның қоршаған ортаға әсерін құқықтық реттеу; Қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау.

Біздің көзқарасымыз бойынша, экологиялық құқыққа барынша дұрыс анықтаманы В.В.Петров берген. Анықтаманы, қазіргі ұрпақтың және келер ұрпақтың мүдделері үшін табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуі саласындағы қоғамдық қатынастарды табиғатты қорғау, оның ресурстарын рационалды пайдалану және өндіру, адамды қоршаған ортаны сауықтыру мен жақсарту мақсатында реттейтін құқықтың әртүрлі салаларының заңды нормаларының жиынтығы деп анықтауға болар еді.⁵

Экологиялық құқық үш аспектіде зерттеледі – ғылым ретінде, құқықтың бір саласы және оқу пәні ретінде.

Экологиялық құқық толығымен қазақстандық құқық жүйесін құрайтын құқықтардың барлық саласымен өзара әрекеттеседі.

Бәрінен бұрын, экологиялық құқықтың рухани жүйеде басты рөлді атқаратын конституциялық құқықпен ерекше байланыста екендігін атап көрсеткен жөн. ҚР Конституциясы қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың және экологиялық құқық ғылымының дамуының негізі болып табылады.

Экологиялық құқық *әкімшілік* құқығымен тығыз байланыста. Әкімшілік құқықтың институттары–басқару, бақылау, әкімшілік қиылысулар, әкімшілік жауапкершілік – қоршаған табиғи ортаны қорғаудың экологиялық-құқықтық механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Экологиялық құқық пен азаматтық құқық. Бұл мәселені қарастыру азаматтық құқықпен реттелетін мүліктік қатынастар мен экологиялық құқықпен реттелетін экологиялық қатынастардың арасындағы өзара байланыстың айқындалуына байланысты. Экологиялық және мүліктік қатынастар қатынастардың әртүрлі салаларына жатады және әдетте заңның әртүрлі салаларының нормативтік актілерімен реттеледі.

Азаматтық құқық экологиялық құқыққа қарағанда қорғайтын және өндіретін қызметтерді орындайды. Сондықтан экологиялық құқық қатынастары үшін келтірілген зиянды өтеу институттарының маңызы басты болып табылады. Экологиялық қатынастарды жетілдіруге қарай нарықтық экономиканың базасында, табиғатты рационалды пайдалануда және қоршаған ортаны қорғаудың тиімді түрі ретінде енгізуді талап ететін азаматтық-құқықтық

⁵ Петров В.В. Концепция экологического права как правовой общности, науки и учебной дисциплины. (ММУ Хабаршысы. 1987.№5. 37-38 б.

шарттың нормаларының маңызды болашағы бар. Әкімшілік, азаматтық қорғайтын қызметтермен бірге экологиялық құқыққа қатысты қорғау қызметін қылмыстық құқық орындайды. Оның нормалары экологиялық қылмыстарды қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін, қоғамға қауіпті әрекеттердің құрамын бекітеді.

Экологиялық құқық жер құқықтарымен тығыз байланысты, бұл табиғаттың біртұтастығымен, жердің қоршаған ортадағы маңызды құрауыштарының бірі екендігімен шарттасқан.

Кез келген табиғи нысандарды пайдалануда жерді пайдаланбау мүмкін емес екендігін атап көрсеткен жөн. Жер – бұл барлық табиғи нысандарды пайдалану үшін негіз болып табылады.

Экологиялық құқықтың көптеген басқа құқық салаларымен тығыз байланыста.

Экологиялық құқықтың даму кезеңдері

Жоғарғы заң оқу орындарында экологиялық-құқықтық пәндерді оқыту тарихында негізгі сегіз кезеңге бөлуге болады. Бұл экологиялық қатынастар мен қоғамның түйсіну дәрежесінің біртіндеп өсуімен байланысты. Төрт кезең Кеңес дәуірімен байланысты. 1917 жылдар мен 1968 жылдарды қамтитын экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының бірінші кезеңінде қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттерінің тұтынушылық формасы билік етті, құқықтық нормалар жүйесі жер және басқа табиғи байлықтарды қоғамның шаруашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға пайдалануға реттеуге бағытталды. Жерді және басқа табиғи байлықтарды ұлттандыруда, бұл табиғи ресурстарды пайдалануды реттеуді Жер құқықтары атқарды. Табиғатты пайдаланудың көлемінің кеңеюі табиғи ресурстардың жеке түрлерінің құқықтық реттелуінің оқшаулануын талап етті. Жер құқықтары пәнінің жер, тау, су, орман құқықтарына «ыдырау» процесі басталды. 60-шы жылдардың аяғында заңгер-ғалымдар «Жер құқықтары мен табиғатты құқықтық қорғау» оқу курсы енгізуге ұсыныс жасады. Шаруашылық қызметтердің табиғи ресурстарға кері әсерлерінің үдеуі 70-жылдардың басында оқу пәнін Жер құқықтары мен Табиғатты құқықтық қорғау деп аталатын екі дербес пәнге бөлінуіне ықпал етті. 1968 жыл - 1972 жылдарда экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының екінші кезеңі аяқталды.

1972 жылдан бастап Жер құқықтарымен бірге Табиғатты құқықтық қорғау өз бетінше курсы оқылады.

Табиғатты қорғау мәселелерін адамды қоршаған ортаны қорғау жағына қарай ауысуы экологиялық-құқықтық пәндерді одан әрі жетілдіру қажеттілігін туғызды. 1984 жылы Мәскеу қаласында өткен 1-ші Бүкілодақтық жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми-әдістемелік конференцияда «Табиғи ресурстық құқық пен қоршаған ортаны құқықтық қорғау» – деп аталатын жаңа пәнді енгізу туралы шешім қабылданды. Демек, 1972 жылы басталған экологиялық-құқық пәнінің дамуының үшінші кезеңі 1988 жылы аяқталды. Осы сәттен төртінші кезең басталды.

Дегенмен, әлемде экологиялық жағдайдың ушығуы нәтижесінде, қоршаған табиғи ортаны қорғау бұрынғыдан едәуір кең ауқымды адамды қоршаған табиғи ортаның экологиялық қауіпсіздігі мәселелерге өсті.

Қазақстан Экологиялық құқықты оқыту, сонымен қатар бұрынғы Одақтың басқа республикаларында тек 1990 жылдан бастап ден қойылды. Экологиялық құқықтың осы даму кезеңінде Қазақ ССР –інде Жер кодексі (1990 ж.), Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Заң (1991ж.) және басқа да актілер қабылданды. Сонымен, 1988 жылы басталған аталған пәннің даму кезеңі 1990 жылы аяқталды.

СССР Одағының (1991ж.) ыдырауы және ҚР құрылуы Экологиялық құқықтың Қазақстан Республикасының дербес құқықтары ретінде даму кезеңінің бесінші кезеңі басталды. Республикада (1993ж.) ҚР Конституциясы, (1993ж.) Жер қойнауын және минералды шикізаттарды қайта өңдеу туралы Кодекстары, (1993ж.) Су, (1993ж.) Орман, (1993ж.) жауарлар дүниесін пайдалану және қорғау туралы ҚР заңы қабылданды.

1995 жылы ҚР жаңа Конституциясын қабылдау Экологиялық құқықтың даму кезеңінің бесінші кезеңінің аяқталып алтыншы кезеңге аяқ басуы кезеңі болды. ҚР Конституциясын

орындау үшін ҚР Қауіпсіздік кеңесімен 1996 жылы 21 наурызда ҚР Экологиялық қауіпсіздігі Концепциясы және бірқатар жаңа кодекстар мен маңызды заңдар қабылданды.

ҚР Экологиялық құқықтың даму кезеңінің жетінші кезеңі, өзінің басталу көрсеткішін 2003 жылдан бастады, 2003 жылы ҚР Жер кодексін, Орман кодексін, Су кодексін, 2004 жылы жануарлар дүниесін қорғау және молықтыру туралы ҚР заңын, 2006 жылы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңын, 2007 жылы ҚР Экологиялық кодекстерді және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ ҚР Президенті Мақұлдаған Экологиялық қауіпсіздік Концепциясы және 2007-2024 жылдарға ҚР орнықты дамуға өту Концепциясымен аяқталады.

2007 жылы экологиялық кодекс және басқа да нормативтік актілер қабылданғаннан кейін экологиялық құқықтың сегізінші кезеңі басталды.

Экологиялық құқықтың даму кезеңдері

Жоғарғы заң оқу орындарында экологиялық-құқықтық пәндерді оқыту тарихында негізгі сегіз кезеңге бөлуге болады. Бұл экологиялық қатынастар мен қоғамның түйсіну дәрежесінің біртіндеп өсуімен байланысты. Төрт кезең Кеңес дәуірімен байланысты. 1917 жылдар мен 1968 жылдарды қамтитын экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының бірінші кезеңінде қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттерінің тұтынушылық формасы билік етті, құқықтық нормалар жүйесі жер және басқа табиғи байлықтарды қоғамның шаруашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға пайдалануға реттеуге бағытталды. Жерді және басқа табиғи байлықтарды ұлттандыруда, бұл табиғи ресурстарды пайдалануды реттеуді Жер құқықтары атқарды. Табиғатты пайдаланудың көлемінің кеңеюі табиғи ресурстардың жеке түрлерінің құқықтық реттелуінің оқшаулануын талап етті. Жер құқықтары пәнінің жер, тау, су, орман құқықтарына «ыдырау» процессі басталды. 60-шы жылдардың аяғында заңгер-ғалымдар «Жер құқықтары мен табиғатты құқықтық қорғау» оқу курсы енгізуге ұсыныс жасады. Шаруашылық қызметтердің табиғи ресурстарға кері әсерлерінің үдеуі 70-жылдардың басында оқу пәнін Жер құқықтары мен Табиғатты құқықтық қорғау деп аталатын екі дербес пәнге бөлінуіне ықпал етті. 1968 жыл - 1972 жылдарда экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының екінші кезеңі аяқталды.

1972 жылдан бастап Жер құқықтарымен бірге Табиғатты құқықтық қорғау өз бетінше курсы оқылады.

Табиғатты қорғау мәселелерін адамды қоршаған ортаны қорғау жағына қарай ауысуы экологиялық-құқықтық пәндерді одан әрі жетілдіру қажеттілігін туғызды. 1984 жылы Мәскеу қаласында өткен 1-ші Бүкілодақтық жоғарғы оқу орындары арасындағы ғылыми-әдістемелік конференцияда «Табиғи ресурстық құқық пен қоршаған ортаны құқықтық қорғау» – деп аталатын жаңа пәнді енгізу туралы шешім қабылданды. Демек, 1972 жылы басталған экологиялық-құқық пәнінің дамуының үшінші кезеңі 1988 жылы аяқталды. Осы сәттен төртінші кезең басталды.

Дегенмен, әлемде экологиялық жағдайдың ушығуы нәтижесінде, қоршаған табиғи ортаны қорғау бұрынғыдан едәуір кең ауқымды адамды қоршаған табиғи ортаның экологиялық қауіпсіздігі мәселелерге өсті.

Қазақстан Экологиялық құқықты оқыту, сонымен қатар бұрынғы Одақтың басқа республикаларында тек 1990 жылдан бастап ден қойылды. Экологиялық құқықтың осы даму кезеңінде Қазақ ССР –інде Жер кодексі (1990 ж.), Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Заң (1991ж.) және басқа да актілер қабылданды. Сонымен, 1988 жылы басталған аталған пәннің даму кезеңі 1990 жылы аяқталды.

СССР Одағының (1991ж.) ыдырауы және ҚР құрылуы Экологиялық құқықтың Қазақстан Республикасының дербес құқықтары ретінде даму кезеңінің бесінші кезеңі басталды. Республикада (1993ж.) ҚР Конституциясы, (1993ж.) Жер қойнауын және минералды шикізаттарды қайта өңдеу туралы Кодекстары, (1993ж.) Су, (1993ж.) Орман, (1993ж.) жауарлар дүниесін пайдалану және қорғау туралы ҚР заңы қабылданды.

1995 жылы ҚР жаңа Конституциясын қабылдау Экологиялық құқықтың даму кезеңінің бесінші кезеңінің аяқталып алтыншы кезеңге аяқ басуы кезеңі болды. ҚР Конституциясын орындау үшін ҚР Қауіпсіздік кеңесімен 1996 жылы 21 наурызда ҚР Экологиялық қауіпсіздігі Концепциясы және бірқатар жаңа кодекстар мен маңызды заңдар қабылданды.

ҚР Экологиялық құқықтың даму кезеңінің жетінші кезеңі, өзінің басталу көрсеткішін 2003 жылдан бастады, 2003 жылы ҚР Жер кодексін, Орман кодексін, Су кодексін, 2004 жылы жануарлар дүниесін қорғау және молықтыру туралы ҚР заңын, 2006 жылы Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Заңын, 2007 жылы ҚР Экологиялық кодекстерді және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ ҚР Президенті Мақұлдаған Экологиялық қауіпсіздік Концепциясы және 2007-2024 жылдарға ҚР орнықты дамуға өту Концепциясымен аяқталады.

2007 жылы экологиялық кодекс және басқа да нормативтік актілер қабылданғаннан кейін экологиялық құқықтың сегізінші кезеңі басталды.

3 - тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ КӨЗДЕРІ

Экологиялық құқық көздерінің ұғымы және жіктелуі

Экологиялық құқықтың көздері ұғымы туралы мәселе ғылымның құқық теориясы әзірлеген құқық көздері туралы жалпы ілімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

"құқық көздері" терминін тиісті құқықтық нормалардың мазмұнын ашып айтатын әдіс немесе түрі ретінде қолданылады, басқаша айтқанда құқықты көрсету формасы. Құқық теориясында, заң көздері немесе құқық формалары қолданыстағы құқықтық нормаларды ресми көрсету және бекіту және тиісті өзгертулер мен күшін жоюы деп түсініледі.

С.С.Алексеевтің дұрыс есептеуінше «Құқық көздері – бұл мемлекеттен шығатын немесе олардың құқық нормаларын көрсету және бекітудің мойындаған, оларға заңдық және жалпы міндеттегі маңыз беретін ресми-құжаттық формалары».⁶

Экологиялық қатынастарды реттейтін көптеген нормалар табиғи ресурстық, табиғатты қорғау қатынастарды реттейтін нормативтік актілерге, яғни табиғат объектілерін қорғау және пайдалану бойынша реттейтін қатынастар. Бұл нормалардың жиынтығы Экологиялық заңнаманы құрайды. Сонымен қатар, экологиялық қатынастарды реттейтін нормалардың біразы құқықтың басқа салаларының заңнамаларында конституциялық, азаматтық, әкімшілік, қаржылық, қылмыстық және басқа заңнамалардың құрамында бар. Олардың жиынтығы табиғи ресурстық, табиғатты қорғау нормаларының көзі экологиялық құқықтың көзін құрайды. Экологиялық құқық көздері ұғымы экологиялық заңнамалар түсінігінен әлдеқайда кең. Кешенді интеграцияланған сала ретінде экологиялық құқық көздерін, өзінің нормаларымен қоса алғанда құқықтың басқа нормаларына қосады, ал соңғысы экологиялық қатынастарды реттеудің құқықтық жеке мәселелерін шешетінін айтып өтуге болады.

Экологиялық құқық көздері – қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды, яғни экологиялық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Экологиялық құқықтардың көздерін анықтау біршама қиындықтар туғызады, өйткені әртүрлі деңгейдегі нормативтік актілердің орасан зор саны шығарылады. Осы қиындықтарды жеңу үшін оларды топтастырылуы қызмет көрсетеді. Бұл топтастыру бірқатар негіздер бойынша жүргізіледі. **Заң күші бойынша** — заңдарға және заң асты актілерге.

Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды актілер болып бөлінеді.

Нормативтік құқықтың **Негізгі түрлеріне** жататындар:

1) Конституция, конституциялық заңдар, кодекстар, заңдар;
2) Қазақстан Республикасының Президентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлықтары; Қазақстан Республикасының Президентінің Заң күші бар жарлықтары; Қазақстан Республикасының Президентінің өзге де нормативтік құқықтық Жарлықтары. Мысалы: ҚР Президентінің «Қазақстан 2030 жылға» даму стратегиясының жүзеге асыру бойынша Жарлығы, ҚР Президентінің 2003-2015 жылдарға индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы Жарлығы.

3) Қазақстан Республикасының Парламентінің және оның палатасының нормативтік қаулылары;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік қаулылары;

5) Конституциялық соттың және өзге де мемлекеттік Конституциялық кеңестің, Қазақстан Республикасының нормативтік қаулыларымен.

6) Қазақстан Республикасының министрлері мен өзге орталық мемлекеттік басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары. Бұл актілердің басты арнауы – жоғарыда тұрған органның осы нормалардағы жалпы ережелерді егжей-тегжейлі дұрыс және біртұтас түрде қолданысқа түсуіне ықпал етуі.

7) мемлекеттік комитеттердің, өзге орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары;

⁶ Алексеев С.С. Государство и право начальный курс. М., 1994, 83 б.

8) мәслихаттар мен Әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері, мысалы: Шығыс-Қазақстан облысының әкімінің «Облыс ормандары мен елді мекендерді өрттен қорғау қорғанысын күшейту шаралары туралы» 2000 жылғы 6 сәуірдегі № 837 шешімі

Нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлеріне мыналар жатады:

регламент – қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт; ереже - қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

қағида – қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

нұсқау – заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын егжей-тегжейлі көрсететін нормативтік құқықтық акт. Экологиялық құқық көздерін топтастыру басқа да басқа да себептермен туындауы мүмкін.

Реттеу объектісі бойынша — жалпы және арнаулыларға бөлінеді. Жалпы нормативтік құқықтық актілердің реттеу объектісі кең ауқымда болғанымен сипатталады және ол экологиялық және сонымен қатар өзге де қоғамдық қатынастарды қамтиды. Мұндай актілерге, жекелей алғанда ҚР Конституциясы жатады.

Арнаулы — актілер, толығымен қоршаған ортаға немесе оның элементтерінің мәселелеріне арналған актілер (ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Жер кодексі, ҚР Орман кодексі, Жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы Заң және т.б.).

Заңнамалар саласы бойынша жер, су, орман, жер қойнауы туралы заңнама, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және заңнаманың басқа да салалары (бәрінен бұрын құқықтық көрсетілген салалары).

Құқықтық реттеу сипаты бойынша – материалдық және процессуалдық реттеулерге бөлінеді.

Мазмұны бойынша – кешенді, табиғат қорғау, табиғат ресурстық, ортаны қорғауға бөлінеді.

Экологиялық қатынастардың құқық көздерін реттеудің **маңызы дәрежесі жөнінен** негізгі және қосымша нормативтік-құқықтық актілерге бөлуге болады.

Нормативтік-құқықтық актілері, әдетте техникалық-заң сипатында болады және қандай да бір нормативтік актіні реттелетін қатынасқа дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша белгілі бір қосалқы рөлді стандарттар атқарады, мысалы, «Табиғатты қорғау» МЕСТ 17.5.1701-7К. Бұл нормативтік-құқықтық актілер экологиялық құқық қатынастарының субъектілеріне қандай да бір міндеттерді белгілемейді және табиғаттың жеке нысандарына қатысты қандай да бір құқықты бермейді, дегенмен, бұл стандарттар заңның мазмұнын «шешімін» қамтамасыз етеді, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде ықтимал қателер жіберіп алудан сақтандырады. Қосымша нормативтік-құқықтық актілердің болмауы негізгі нормативтік-құқықтық актілерді қолдануды қиындатады, құқық қолдану тәжірибесінде үлкен қиындықтар туғызады.

Қосымша нормативтік-құқықтық актілер тобына Республиканың Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары жатады, бұл ҚР Конституциясының 4 бабында көзделген. Қосымша актілер экологиялық заңнамалар саласындағы кемшіліктерді жояды.

Экономикалық құқық көздерінің ішінде халықаралық-құқықтық келісімдер, конвенциялар, шарттарда болатын құқық көздері маңызды орынды иеленеді, мысалы: 29.07.1994 жылы күшіне енген Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі Конвенция, 14.10.1994ж. қабылданған Шөлейттенуге және құрғақшылыққа қарсы күрес жөніндегі Конвенция, Конвенция 07.07.1997ж. бекітілді. Мұнаймен ластаудан келтірілген зиян үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1968 жылғы (күшіне 05.06.1994жылы енді), БҰҰ климаттың өзгеруі туралы Рамалық Конвенциясы (1995 жылы бекітілді). Қазақстан Республикасында Конвенциялардың жиырмасы бекітілген.

Экологиялық құқық көздерінің арасынан ҚР Конституциясы мен Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі ерекше орынды алады, ол 2007 жылы 9 қаңтарда кешенді құқықтық акт ретінде қабылданды, **Кодекс Жалпы және Ерекше бөлімнен, 326 Бап, 47 Тарау және 9 Бөлімнен тұрады.**

Жалпы бөлім 7 бөлімнен және 27 тараудан тұрады.

1- Бөлім. Жалпы ережелер 3 тараудан:

Негізгі ережелер;

Жеке тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен міндеттері; Мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдардың қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы құзіреттерінен тұрады.

2-Бөлім. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау, экологиялық нормалау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу, қоршаған ортаға әсерді бағалау, экологиялық сараптама, экологиялық рұқсаттар, экологиялық аудит 6 тараудан тұрады:

Экологиялық нормалау;

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу;

Қоршаған ортаға әсерді бағалау;

Экологиялық сараптама;

Экологиялық рұқсаттар;

Экологиялық аудит.

3-Бөлім. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу, 2 тараудан тұрады:

Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктері;

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау.

4-Бөлім. Экологиялық бақылау 4 тараудан тұрады:

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау;

Инспекторлық экологиялық тексерулер;

Өндірістік экологиялық бақылау;

Қоғамдық экологиялық бақылау.

5-Бөлім. Экологиялық мониторинг пен кадастрлар 6 тараудан тұрады:

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі;

Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алу;

Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары;

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының Мемлекеттік Кадастры;

Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастры;

Экологиялық ақпарат;

Табиғат пайдаланушыларды және қоршаған ортаны ластау көздерін есепке алу.

6-Бөлім. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары, 2 тараудан тұрады:

Жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай немесе зілзала аймақтары деп жариялау ұғымы және тәртібі;

Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

7-Бөлім. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім беру мен ағарту, ғылыми зерттеулер және халықаралық ынтымақтастық 3 тараудан тұрады:

Экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру;

Экологиялық ғылыми зерттеулер;

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану арасындағы халықаралық ынтымақтастығы.

Ерекше бөлім екі Бөлімнен тұрады:

8-Бөлім. Шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар 18 тараудан тұрады:

Экологиялық талаптар туралы жалпы ережелер;

Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы талаптар;

Шаруашылық және өзге де қызмет түрлері бойынша экологиялық талаптар;

Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Суды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Ормандарды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау, өсімін молайту, еріксіз және жартылай ерікті жағдайда өсіріп-өндіру, шектеулі шаруашылық түрғыда пайдалану жөніндегі экологиялық талаптар;

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық талаптар;

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар;

Радиациялық материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар;

Өндіріс және тұтыну қалдықтарына меншік құқығын анықтау кезіндегі экологиялық талаптар;

Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және оларды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар;

Қалдықтарды көму полигондарына және ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына экологиялық талаптар;

Парниктік газдардың эмиссиясы мен сіңірілуі саласындағы қызметтік мемлекеттік реттеу.

ТАБИҒИ РЕСУРСТАРҒА МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Табиғи ресурстарға меншік – бұл жер, су ресурстарына, өсімдік және жануарлар дүниесіне және басқа табиғи байлықтарға жөніндегі қоғамдық қатынастар формасы. Табиғи ресурстарға меншіктің ешқандай формасы жоқ жерде, қандай да бір қоғам жайлы сөз қозғау мүмкін емес. Меншік ұғымының экономикалық және құқықтық екі аспектісі бар. Біріншісі меншіктің экономикалық мазмұнын өндірістік қатынастар арқылы ашады. Екіншісі осы мазмұндағы құқықтық формада айқындалады. Демек, меншік – экономикалық-құқықтық санат.

Меншіктің экономикалық қатынастарын өндіріс қатысушыларының өндіріс нысандарына (аспап, саймандарына, құралдарына, өндіріс азық-түліктеріне) қатынасы арқылы анықтайды. Экономикалық қатынастарды құқықтық нормаларда бекіту нәтижесінде құқық меншігі заңды категориясы ретінде пайда болады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы заң аспектісінде екі қасиеті бойынша: құқық институты және меншік иесінің заңды құқықтарының жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы, табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттейтін құқықтық институт ретінде құқықтық нормалардың жиынтығын ұсынады, міне осы, объективті мағынада меншік құқығын құрайды.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының негізі ҚР Конституциясымен белгіленген, онда былай көрсетілген: Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік тең түрде танылады және қорғалады.

Жер және жер қойнауы, сулар, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. (6 бап). Негізгі заңның Ережелері ҚР Азаматтық кодексінде дамыды, 188 бапқа сәйкес Меншік құқықтарында заң актілерімен танылған және қорғалатын өз қалауы бойынша өзінің иелігіндегі мүлігіне билік етуге және пайдалануға субъектінің құқықтары бар. ҚР 20.06. 2003ж. Жер Кодексінде, Қазақстан Республикасында Жер мемлекеттік меншікте екендігі нақтыланған. Жер телімдері осы Кодекстің (3 бабы) белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. ҚР 8.07.2003ж. бекітілген Орман кодексінде былай деп көрсетілген: ҚР аумағындағы барлық ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктерімен қамтылмаған, бірақ орман шаруашылығы қажеттілігіне арналған орман қорының жерлері ҚР орман қорын құрайды. Орман қоры мемлекеттік және жеке орман қорынан тұрады (6 бап).

09.07.2003ж. ҚР Су кодекстерінде суларға: су нысандарында топталған, құрлық қыртысының үстіндегі және жер қойнауындағы барлық сулардың шегі бар жиынтығы, көлемі мен су режимі жатады. Жекелей алғанда оларға: теңіздер, өзендер, оларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа жер бетіндегі су нысандары, жерасты суларындағы жер қойнауының бөліктері (5 бап) жатады. Сонымен қатар, мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілетін Қазақстан Республикасының аумағының шегіндегі барлық сулардың жиынтығы, Қазақстан Республикасының Су қорын құрайды (4 бап). Қазақстан Республикасының Су қоры мемлекеттік меншік иелігінде.

Осылайша, ҚР Конституциясы мен МК табиғи ресурстарға және өзге мүлікке меншік формасы мен жалпы мазмұнын белгілейді. Экологиялық заңнамада нақты табиғи ресурстарға меншік формасының ерекше белгілері, сондай-ақ жерге, суға, жер қойнауына, орман және т.б. меншік иесінің заңды құқығын жүзеге асырудың тетіктерінің өзгешіліктері бекітіледі. Дәл осы, табиғи ресурстарға меншік қатынастарының экологиялық құқық институты болып табылатындығына негіз болып табылады.

Табиғи ресурстарға меншіктің құқық субъективті мағынада меншік иесінің жер мен оның қойнауын, суларды, өсімдік және жануарлар дүниесін және меншіктің басқа объектілерін пайдалануға және иелік етуге заңды құқықтарының жиынтығымен түсіндіріледі.⁷

⁷ Бринчук М.М. Шығ. Көрсетілген 171 б.

Сонымен бірге, бірде бір мемлекетте табиғи ресурстар мен табиғат объектілеріне абсолютті құқықтың жоқ екендігін атап өткен жөн. Мемлекет, қоғам, меншік иесі мүддесінде (экологиялық, санитарлық, экономикалық және т.б.) меншік иесінің табиғи ресурстар мен табиғат нысандарын пайдалануға құқығы шектелуі мүмкін.

ҚР ЗК 2 Тарауынан алынған, Азаматтардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншіктің құқық объектісі, жер телімі болып табылады. 23 бапқа сәйкес, ҚР азаматтарының жеке меншігінде: шаруашылық (фермерлік) қожалықтар, жеке қосалқы шаруашылық ісін жүргізуге, орман өсіру, бау өсіру, жеке тұрғын және саяжай құрылысына, сонымен қатар тұрғын үйлер мен ғимараттар (құрылыстар мен жайларды) және олардың кешенін, ғимараттарға арнауына сәйкес қызмет көрсетуге (құрылыстар салынуға) арналған жерлерді қоса алғандағы жер телімдері болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде: тауарлы ауылшаруашылық өндіріс, орман өсіруге, өндірістік және өндірістік емес құрылыс салынған немесе салуға, соның ішінде тұрғын үйлер мен ғимараттар (жайлар мен құрылыстар) және олардың кешендерін, ғимараттарға арнауына сәйкес қызмет көрсетуге (құрылыстар салынуға) арналған жерлерді қоса алғандағы жер телімдері болуы мүмкін.

Осы мақсаттарда тауарлы ауылшаруашылық өндірісті жүргізуге, орман өсіруге арналған жерлерді қоспағанда шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың жер телімдері жеке меншігінде болуы мүмкін.

Мемлекеттік меншік құқығы объектісі болып ҚР су қорын құрайтын, су қорына енетін: Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий мен Арал теңіздерінің сулары; өзендер, көлдер, су қоймалары, басқа каналдар мен магистралды арналар; жерасты сулары; мұздықтар жатады (ҚР СК 4-8 баптары).

Меншік құқығы жалпы табиғаттағы бар суларға ғана емес, ол тек жекешелендіруге болатын, яғни су объектілеріне ғана тарайды...

Көптеген уақыт заңнамада жер қойнауы деген түсінік белгіленбеді, бұл әртүрлі ілімге әкелетін және осыған орай мемлекеттің жер қойнауына құқтарының аумағын өте кеңейтіп немесе тарылтатын.

(Жер қойнауы туралы Заңның) 5 бабына сәйкес минералды шикізат, егер Келісім шартпен өзгеше көзделмесе Жер қойнауын пайдаланушының (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына – шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында) иелігіне меншік құқығында жатады.

Техногендік минералдық жыныстар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады, егер Келісім шартта өзгеше көзделмесе.

Мемлекеттік меншік иелігіндегі техногендік минералдық жыныстардан алынатын пайдалы қазбаларға (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы) келісім шартпен анықталады.

Минералдық шикізаттарға, техногендік минералды жыныстарға немесе пайдалы қазбаларға (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы) меншік құқығында иелік ететін жер қойнауын пайдаланушы, оларға қатысты заңнамалармен тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасауға құқылы.

ҚР Конституциясында меншік құқығы объектілерінде өсімдік дүниесі және басқа табиғи ресурстар көрсетілген. Өсімдіктер дүниесіне орманнан өзге өсімдіктер де жататынын, ал орман да өзге де өсімдіктер әлемі жермен органикалық байланысты екенін ескерсек, онда осы жерлерді меншік құқығы объектісі ретінде қарастырумызға негіз бар. Өсімдік дүниесінің меншік иесі ретінде бұл жерде жерді иеленуші болады. ҚР Орман Кодексінің 5 бабында былай делінген: Орман қоры жерлерін, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін Қамтитын Қазақстан Республикасының орман қоры орман құқығы қатынастарының объектісі болып табылады. Бұрынырақ біз орман қорының мемлекеттік және жеке қордан тұратынын айтып өткен едік, ал 7 бапқа сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады.

Жекеше орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, осы ҚР ОК және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жеке орман иеленушілер жүзеге асырады.

Атмосфералық ауаға келетін болсақ физикалық қасиеттеріне байланысты оны меншік құқығы пайда болудың міндетті шарты болатын бір мемлекеттің аясында оқшаулауға немесе жекешелендіруге мүмкін емес. Сондықтан бұл табиғи объект бүкіләлемдік байлық болып табылады. Мемлекет ауаға қатысты меншік иесі ретінде заңды құқықты жүзеге асыруға, жекелей алғанда иелік ету және билік жасауға құқығы жоқ.

ҚР Жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және молықтыру туралы 2004 жылғы Заңына сәйкес жануарлар дүниесі мемлекеттік меншік иелігінде.

Табиғи ресурстарға меншік құқылы субъектілер

1991 жылы ҚР тәуелсіз егеменді мемлекетінің құрылуымен байланысты және 1993 жылы тамыз айында қабылданған ҚР Конституциясында, республиканың табиғи ресурстарының ерекше жалғыз меншік иесі болып мемлекет жарияланған, ал 1995 жылы қабылданған ҚР Конституциясында мемлекеттік ерекше иелік етуі күшін жойып жерге заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін екендігі белгіленді.

Жерге, республика аумағында – Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі болып, Жер Кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде сонымен қатар азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар болуы мүмкін. Бұл жерде сонымен бірге, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар (мұндай құқықтарға шетелдіктер өндірістік объектілер, тұрғын үй кешендерін және жеке құрылыстар салуға жер учаскесін қайтарылу негізінде, егер олар тұрақты тұру құқығын сатып алған жағдайларда).

Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік иелігін пайдаланатын субъектіге келетін болсақ, мемлекет атынан кім, меншік иелігінің заңды құқықтарын жүзеге асырады деген сұрақ туындайды? Мемлекет атынан табиғи ресурстарға меншік құқығын ҚР Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар және арнайы өкілеттенген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ

Экологияны пайдалану құқығының ұғымы

Экология пайдалану құқығы қолайлы қоршаған ортаға құқық – бұл 1948 жылы БҰҰ Декларациясында бекітілген бүкіл адамзатпен мойындалған адам құқығының бір бөлігі. Біз оны ҚР құрылған сәттен мойындадық. Қолайлы қоршаған ортаға құқықты барлығы мойындайды (министрліктер мен ведомствалар), ол ҚР Конституциясында бекітілген және дәл осы Конституция арқылы, бұл құқық біздің денсаулығымызға құқығымыз жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, ҚР ЭК 10-12 баптары және ҚР ЭК 8 Тарауында «Шаруашылық және өзге қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» экологиялық құқыққа арналған.

Экология пайдалану табиғат пайдалануға қарағанда, алдымен табиғат пайдалануда экономикалық, шаруашылық мүдделер басым болса, ал экология пайдалану қоршаған ортаны барынша сақтаудың, экожүйедегі экологиялық байланыстың сақталуы мен оның бүтіндігін қамтамасыз ету мүддесінің басымдығымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, экология пайдалануда табиғат пайдаланудағыдан кем емес маңызды экономикалық және шаруашылық мақсаттар қарастырылған, бірақ, адам қоғамы мен табиғи ортаның өзара байланысының өндірістік қатынастары объективті экологиялық заңдармен толық үйлесімді болса, қатынастардың екінші түрінде бұл объективті заңдар сирек назарға алынады десек те болады.

Егер, табиғат пайдалану құқығы азаматтар мен халық шаруашылығының мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды пайдаланудың заңмен белгіленген тәртібі ретінде айқындалған болса, ал экология пайдалану құқығын экология пайдаланушылардың меншіктік құқық қатынастары арқылы экологиялық өзара байланысты ескере отырып табиғи объектілердің жағдай мен түріне байланысты заңды құқықтарын реттейтін экологиялық құқықтың институты ретінде айқындаған жөн.

Экология пайдалану құқығы экологиялық құқық институты ретінде әртүрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген нормалардың жиынтығын құрайды. Экология пайдалану құқығы – экология пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан тұрады, және соңғысынан тәуелді. Сонымен, егер, экология пайдалану объективті мәнде экология пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын көрсету формасын құраса, онда субъективті мәнде – міндеттер мен құқықтарының деректерінің мазмұнын көрсетеді.

Субъективті құқық мазмұнына, пайдалануға ұсынылған табиғи объектіге иелік ету, пайдалану және билік ету заңды құқығы енеді. Табиғи объектімен пайдаланудың субъективті құқығын мұндай объектіні белгілі бір байлық алу мақсатында тікелей пайдаланудың мүмкіндігін заңмен қамтамасыз етілуі деп түсіну керек.

1) табиғи ресурстарға мемлекеттің және өзге де меншік иелерінің заңды құқықтарын экология пайдалану арқылы жүзеге асыруы.

2) табиғи байлықтарды дұрыс шаруашылық пайдалану міндеттеріне қол жеткізу.

3) экологиялық құқық қатынастарының барлық субъектілерінің басқа субъектілерге қатысты заңды құқықтарын жүзеге асыру.

Экология пайдалану құқықтарының түрлері

Экологиялық пайдалану құқықтарының түрлерін үш негізгі топқа бөлуге болады: объектіге; субъект және пайдаланатын табиғи объектіге байланысты.

Табиғат пайдалану (экология пайдалану) жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі. Арнайы табиғат пайдалану – осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі.

Табиғат пайдалану түрлеріне:

Жерді пайдалану; суды пайдалану; орманды пайдалану; жер қойнауын пайдалану; жануарлар дүниесін пайдалану; өсімдіктер дүниесін пайдалану; қоршаған ортаға эмиссиялар; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады.

Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін. (ЭК 10 бап).

Экология пайдалану субъектілеріне байланысты мекеменің экология пайдалану құқығы мен азаматтардың экология пайдалану құқығына бөлінуі мүмкін.

Көрсетілген табиғат пайдалану түрлері өз кезегінде пайдалану құқығы объектісіне және олардың мақсатты арнауы мен пайдалану түрлеріне бөлінеді.

ЭК табиғат пайдаланудың негізгі принциптері:

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас; Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершіліктер бұлтартпау; қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы және оған рұқсат алу тәртібі; табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және жоюға, қалдықтарын кемітуге ынталандыру;
табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету.

М.М.Бринчук мұндай принциптерге мыналарды жатқызады:

-
- табиғи ресурстарды пайдаланудың меншіктік құқығыннан пайдалану құқығының туындауы;
 - табиғат пайдалануды рационалды пайдалану;
 - экологиялық қатынастарды реттеуге экожүйелі көзқарас;
 - табиғи ресурстарды пайдаланудың мақсатты сипаты;
 - табиғи ресурстарды пайдаланудың орнықты құқығы;
 - арнайы табиғат пайдаланудың ақылы екендігі.⁸
-

Экология пайдалану құқығының мазмұны

Қоршаған орта объектілеріне табиғи объектілердің жиынтығы жерді, жер қойнауын, суды, атмосфералық ауаны, ормандарды және өзге де өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи экологиялық жүйелер, сондай-ақ олардың өзара әрекеттерінің климаты жатады.

Табиғи объект оның шығу тегі табиғи болған жағдайда ғана экология пайдаланудың құқықтық объектісі бола алады. Экология пайдаланудың мәні, ол тек қоршаған табиғи ортамен экологиялық байланыстағы объектілерге ғана таратылады.

Экология пайдаланудың мазмұнына қазіргі кезде бар бірнеше заңды құқықтар енеді, олар: пайдалануға, иелік етуге, жеке меншікке немесе жалға беруге ұсынылған меншік құқығы, иелік ету құқығы; пайдалану құқығы мен табиғи объектіні ішкі шаруашылық басқару құқығы.

Пайдалану шектері заңнамада айқындалған, сондай-ақ табиғи объектілерді пайдалануға ұсынған әр нақты жағдайда айқындалады.

Нақты экология пайдалану ерекшеліктері тиісті өкілеттіктер мен міндеттемелер ұсынылған субъектіден де біршама тәуелді.

⁸ Бринчук М.М. Шығ. көрсетілген 207-208 б.

Сондықтан экология пайдалануды топтастыру оның объектілері мен субъектілері бойынша бір уақытта жүзеге асырылады. Табиғат пайдаланушы - мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдіктер болуы мүмкін.

Бастапқы табиғат пайдаланушы субъектісі табиғи объектіні пайдалану бойынша заңды құқығы, тікелей осы объектіге меншік құқығынан шығатын тұлға болып табылады.

Кейінгі табиғат пайдаланушыға, бастапқы пайдалануда болған табиғи объектінің бөлігі әдетте арнаулы бағыттағы, бірақ бастапқы пайдалану мақсаттағы белгіленгендей ұсынылады.

Кейінгі табиғат пайдаланушы оқшауланған немесе бірлескен болуы мүмкін.

• Экология пайдаланушылардың құқықтық мәртебесі негіздері ҚР Конституциясында былайша бекітілген: барлық тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері, соның ішінде экология пайдаланушылардың құқықтары, әр адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғау құқықтары деп жазылған мәтіндегідей қарастырылуы тиіс. (31бап). Сонымен қатар олардың құқықтық мәртебесі ЭК, ЖК, СК, ОК, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, Жануарлар дүниесін пайдалану және молықтыруды қорғау туралы Заңдармен және басқа актілермен белгіленген.

Табиғат пайдаланушылардың құқықтары заңмен қорғалады. Табиғат пайдалану құқығынан, заңда көрсетілген негіздерден басқа реттерде ешкімді де айыру мүмкін емес.

Экология пайдаланудың құқықтарының туындау және тоқтатылуы негіздері

Экология пайдалану құқығының туындау негіздері күрделі заңды құрамнан тұрады. ҚР ЭК 12 бабында Арнайы табиғат пайдалану құқығы келесі негіздерде туындайды:

Табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар;

Табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісім шарттар) негізінде туындайды.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, осы баптың 1-тармағында көрсетілген бір, екі немесе барлық актілер негізінде туындауы мүмкін. Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

Экология пайдалану құқықтарының туындау ерекшеліктері салалық заңнамалармен реттеледі.

Жер учаскесіне құқық белгілейтін, заңды фактілердің (заңды құрамдардың) келуін растайтын құжаттардың негізінде жер теліміне құқық өзгереді немесе тоқтатылады.

Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжат болып табылатындар:

Сәйкестендірме құжат (жеке меншікке жерді пайдалануға құқық беретін акт), шарт, соттың шешімі, атқарушы органның құқықтық акті, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, беру акті, бөлу балансы.

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия немесе рұқсат беруды, оларды күшін тоқтата тұруды жүзеге асырады (ҚР СК 37 бабы).

Жергілікті атқарушы органдар:

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су объектілерін оқшаулау және бірлесіп пайдалануға береді (39 бап).

Бассейндік су шаруашылығы басқармалары - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия немесе рұқсат беруды, оларды күшін тоқтата тұруды жүзеге асырады (40 бап).

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік орган табиғатты қорғау органдарымен келісіп су ресурстарын басқару бойынша рұқсаттар береді.

ҚР Орман Кодексінің 36 бабына сәйкес Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

ҚР Жануарлар дүниесін молықтыруды, қорғау және пайдалану туралы Заңына сәйкес, арнайы жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаратын уәкілетті орган (АШМ аңшылық шаруашылығы мен орман комитеті) жануарлар дүниесін пайдалануға бекітілген лимиттер мен квоталарға сәйкес, жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген шарттарын сақтай отырып рұқсаттар береді (16 бап).

Жануарлар дүниесін жалпы табиғат пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын пайдалану қандай да бір рұқсатты талап етпейді.

Жануарлар дүниесін арнайы табиғат пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын пайдалану, тиісті рұқсат пен шарттың негізінде жүргізіледі. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, тек бюджетке жануарлар дүниесін пайдалану үшін толығымен төлемдер енгізгенін растайтын құжаты бар кезде беріледі. (33бап)

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, сондай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеген және аңшылық минимумды тапсырған, оның аумағынанда тұратын және келген басқа да тұлғалар аңшылық құқығына ие. Жануарлар дүниесін молықтыру және пайдалануды, қорғау саласының мемлекеттік бақылау органдарының берген рұқсаты - аңшылық құқығын куәландыратын құжат болып табылады. (40 бап).

Заңды фактілердің барлығы үшін жалпы іс-қимылдардың жиынтығы негізінде туындайтын экология пайдалану құқығы мемлекеттік-құқықтық шешуші жүйлер болып табылады.

Экология пайдалану құқығын тоқтату негіздері тізімінде (және тәртібінде) табиғи нысандар мен құқық пайдаланушы субъектінің заңды тұлға немесе азамат болып табылатындығына байланысты белгілі бір ерекшеліктер бар.

Пайдалану құқығын тоқтатудың арнайы негіздері бар.

Сонымен жерді пайдалану құқығы тоқтатылатын жағдайлар:

а) бір жыл өткеннен кейін жер телімін иесіз мүлік ретінде соттың мойынуы; б) ауыл шаруашылығы өндірісіне не тұрғын үй құрылысна немесе өзге де құрылысқа арналған жер телімі бір жыл ішінде тиісті мақсатында пайдаланылмаған жағдайда, егер одан көп мерзім көзделмеген болса; в) жер пайдаланушыға қызметтік жер телімін берумен байланысты туындаған еңбек қатынастарының тоқтатылуы. г) жерді рационалды пайдаланудың ережелерін өрескел бұзған жағдайға байланысты; д) егер, жер телімін пайдалану ауылшаруашылық жерлердің құнарлылығын төмендетуге немесе экологиялық жағдайды едәуір нашарлатса; е) жер телімін тәркілегенде (ЖК 81-96 баптары).

Орман қорын пайдалану құқығы келесі жағдайларда тоқтатылады:

а) орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан көп рет) бұзған; б) мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда; в) орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан көп рет) бұзған немесе орман пайдаланудың төлемақысын белгіленген мерзімнен кейінгі үш айда енгізбеген; г) мемлекеттік орман қоры жері мемлекет қажеттіктері үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады. (ОК 40 бабы).

№6 Дәріс (Д). Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері.

Қарастырылатын сұрақтар:

- а) табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі мен рөлі
- ә) жоспарлау
- б) қаржыландыру
- в) табиғат пайдалануға ақы төлеу
- г) экологиялық сақтандыру

Табиғатты қорғаудың экономикалық тетігі дегеніміз - қоршаған ортаны қорғау мен ұтымды табиғат пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған, нормативтік құқықтық актілерде көрініс тапқан экономикалық шаралардың жиынтығы.

Экологиялық құқықтағы экономикалық механизмнің рөлі - оның осы салада атқаратын функциясымен анықталады.

Экономикалық механизмнің функциялары:

- ұтымды табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды экономикалық қамтамасыз ету (экономикалық механизмге енгізілген барлық экономикалық шараларды жүзеге асырумен атқарылады);
- ынталандырушылық қызметі (салықтық және несиелік жеңілдіктер, қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да қолдау шаралары арқылы жүзеге асырылады)

Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды **экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері (ҚР ЭК 95 бабына сәйкес):**

- 1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды **жоспарлау мен қаржыландыру;**
- 2) қоршаған ортаға **эмиссиялар үшін ақы төлеу;**
- 3) табиғи ресурстардың **жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу;**
- 4) қоршаған ортаны қорғауды **экономикалық ынталандыру;**
- 5) нарықтық тетіктер және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін **квоталарды сату;**
- 6) **экологиялық сақтандыру;**
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды **экономикалық бағалау.**

Жоспарлау

Табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлаудың нормативтік талаптары негізінен жалпы мемлекеттік жоспарлауға, оның әлеуметтік экономикалық дамуына сәйкес жүзеге асырылады, яғни **қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға мыналарды жатқызамыз (ҚР ЭК 96 бап):**

- 1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған;
- 2) қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру арқылы қоршаған орта құрауыштарының жай-күйін жақсартатын;
- 3) экологиялық жүйелердің жай-күйін тұрақтандыру мен жақсартуға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға ықпал ететін;
- 4) қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына залал келтірудің алдын алатын және оларды болғызбайтын;
- 5) қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаны басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдіретін;
- 6) өндірістік экологиялық бақылауды дамытатын;
- 7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық жүйелерді қалыптастыратын және экологиялық ақпарат беруге ықпал ететін;

8) экологиялық білімді насихаттауға, тұрақты даму үшін экологиялық білім мен ағарту ісіне ықпал ететін іс-шаралар жатқызылады.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоғарыда аталған іс-шараларды жүзеге асыру, олардың қаржыландырумен тікелей байланысты.

Қаржыландыру

Экологиялық міндеттерді шешудің маңызды шарты қаржыландыру. Табиғатты қорғау қомақты қаржыны талап ететін қызмет түрі. Мысалы, кәсіпорынның тазалау құрылғыларының құны, кейде кәсіпорынның өзіндік құнының қырық пайызын құрайды.

ҚР ЭК 97 бабына сәйкес **Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру:**

- 1) бюджет қаражаты;
- 2) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Табиғат пайдалануға ақы төлеу

Ақы төлеу табиғат пайдаланудың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Табиғат пайдалануға ақы алудың бірнеше көздеген мақсаты бар, олар: біріншіден, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу мемлекеттік және жергілікті бюджеттерді толықтырады; екіншіден, ақы төлеудің басты мақсаты ол табиғат пайдаланушыларды табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру;

Экологиялық заңнама төлемнің екі түрін көрсетеді: табиғи ресурстарды пайдалану үшін және қоршаған ортаға зиянды ықпал еткені үшін.

Табиғи ресурстарды пайдалану үшін ақы төлеу

Табиғи ресурстарды пайдалану үшін ақы төлеу салалық нормативтік актілерде көрсетілген. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес келесідей төлем түрлері көрсетілген:

[71-тарау. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы](#)

[72-тарау. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы](#)

[73-тарау. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы](#)

[74-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы](#)

[14-бөлім. Жер салығы](#)

[11-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу](#)

[43-тарау. Бонустар](#)

[45-тарау. Пайдалы қазбаларды өндіру салығы](#)

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы

ҚР ЭК 1 бабының 26 тармақшасына сәйкес **қоршаған ортаға эмиссиялар** дегеніміз - ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды физикалық әсер етуі;

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді, табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемелерді атқару табиғат пайдаланушыны қоршаған ортаға келтірген залалды өтеуден босатпайды.

Экологиялық сақтандыру

Экологиялық сақтандыру қоршаған ортаны қорғаудың жаңа құқықтық шарасы болып табылады. **Экологиялық сақтандыру дегеніміз** қоршаған ортаға, басқа адамдардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтіру салдарынан шарттан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілік тәуекелі туындаған кездегі жеке және заңды тұлғаның мүліктік құқықтарын қорғауға байланысты қатынастар кешені болып табылады.

Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластануы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу экологиялық сақтандырудың **мақсаты** болып табылады.

Экологиялық сақтандырудың түрлері:

- **Міндетті экологиялық сақтандыру** - Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы [заңына](#) сәйкес жүзеге асырылады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық жағының қауіпті түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.
- **Ерікті экологиялық сақтандыруды** - жеке және заңды тұлғалар өздерінің еркін білдіруіне қарай жүзеге асырады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, талаптары және тәртібі сақтандырушылар мен сақтанушылар арасындағы шарттарда айқындалады.

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау - қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық көрінісі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қажетті материалдарды жинау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалға экономикалық бағалауды белгілейді.

Атмосфералық ауаны және су ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс ластаудан, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, оның ішінде радиоактивті қалдықтарды белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелерге сәйкес тура немесе жанама әдістермен айқындалады.

Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі неғұрлым тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, жұтаңдаған табиғи ресурстардың орнын толтыруға, тірі организмдерді сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары бірінші кезекте қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі тиісті міндеттемелер қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның нақты іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімі көрсетілген кепілдік хатында жазылады.

Залалдың салдарларын жою жөніндегі шаралардың құны олардың нарықтық құны бойынша айқындалады.

Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады.

Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаға жүктеледі.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай залалды әрбір ингредиент бойынша жиынтықтау жолымен айқындалады.

№7 Дәріс (Д). Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.

Қарастырылатын сұрақтар:

- а) құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен функциясы
- ә) тәртіптік жауапкершілік
- б) азаматтық құқықтық жауапкершілік
- в) әкімшілік жауапкершілік
- г) қылмыстық жауапкершілік
- д) экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі, түрлері және құрылымы

Экологиялық құқық бұзушылық үшін **құқықтық жауапкершілік дегеніміз** қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы уәкілетті орган және экологиялық құқық бұзушылықты жасаған тұлға арасында туындайтын, оған қатысты тиісті шара қолдануға байланысты қатынасы.

Құқықтық жауапкершіліктің **мәні** экологиялық заңдарды бұзған тұлғаға байланысты туындайтын жағымсыз салдар болып табылады.

Экологиялық құқықбұзушылық үшін жауапкершіліктің атқаратын бірқатар функцияларыбар. Олар:

- ✓ Экологиялық құқықтың нормаларын сақтауға ынталандыру;
- ✓ Жаңа құқықбұзушылықтардың алдын алу;
- ✓ Табиғатқа және адамның денсаулығына келтірілген зиянның орнын толтыру;
- ✓ Жазалаушылық.

Құқықтық жауапкершілік туындауының негізі ол экологиялық құқықбұзушылық.

Экологиялық заңнама құқықтық жауапкершіліктің келесідей түрлерін көрсеткен:

1. Экологиялық қылмыс — Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау туралы заңдармен белгіленген экологиялық құқық тәртібіне қол сұғатын және адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіретін, не зиян келтіруге нақты қатер төндіретін, қылмыстық заңда көзделген, қоғамға қауіпті іс-қимыл (әрекет немесе әрекетсіздік). Қылмыстық жауапкершілік туындауының негізгі шарты — экологиялық құқықтық тәртіпті бұзған әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық заңда қарастырылуы керек. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қылмыстардың түрлері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген. Олар:

- 1) қоршаған ортаның шамадан тыс ластануы;
- 2) радиоактивті және химиялық заттармен жұмыс істеген кезде экологиялық талаптардың бұзылуы;
- 3) су кәсіпшіліктерімен заңсыз айналысу;
- 4) заңсыз аң аулау;
- 5) өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерін өз бетінше пайдалану;
- 6) жерді, суды өз бетінше басып алу;
- 7) жер қойнауын өз бетінше қазу;
- 8) орман алқаптарының қасақана жойылып, оларға зиян келтірілуі.

2. Экологиялық әкімшілік жауапкершілік — экологиялық құқықтарға қарсы қасақана немесе абайсызда жасалған әкімшілік жауаптылық көзделген кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік.

3. Экологиялық тәртіптік жауапкершілік — экологиялық құқыққа қарсы қасақана немесе абайсызда жасалатын тәртіптік жауаптылық көзделген кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік.

Тәртіптік жауаптылық туралы арнайы қабылданған заң жоқ. Бірақ, тәртіптік жауаптылық Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдарында және ішкі тәртіп ережелерінде, сондай-ақ басқа нормативтік актілерде қарастырылған. Экологиялық тәртіптік жауаптылық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың табиғат қорғау

зандары талаптарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдары мен өзге де қызметкерлердің, міндеті мен қызметтерін және қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі жоспары мен шараларды орындамау салдарынан пайда болады.

4. Экологиялық азаматтық-құқықтық жауапкершілік — экологиялық құқыққа қарсы қасақана немесе абайсызда жасалатын кінәлі әрекет пен әрекетсіздіктің салдарынан табиғат объектілерінің меншік иесіне, иленушілері мен пайдаланушыларына келтірген зиянды өтеу.

Экологиялық құқықбұзушылық

Экологиялық құқықбұзушылық дегеніміз — белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және қоршаған ортаға зиян келтіретін немесе аталған зиянның туындау қаупін келтіретін, сонымен қатар экологиялық құқықтың субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын, заңға қайшы, кінәлі іс қимыл (әрекет немесе әрекетсіздік).

Қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты экологиялық құқықбұзушылық **теріс қылық** және **қылмыс** болып бөлінеді.

Құқықтың жалпы теориясына сәйкес экологиялық құқықбұзушылықтың құрылымы төрт элементтен тұрады: объект, субъект, объективтік жағы және субъективтік жағы.

Экологиялық құқықбұзушылықтың объектісі ол қоршаған ортаны қорғауға және табиғат пайдалануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар (табиғи ресурстарға меншік құқығы, табиғат пайдалану, экологиялық құқықтар және т.б.).

Экологиялық құқықбұзушылықтың объективтік жағы ол іс қимылдың құқыққа қайшылығы, туындайтын немесе анық туындауы мүмкін қауіпті салдар.

Экологиялық құқықбұзушылықтың субъектілері ол жеке және заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалар.

Экологиялық құқықбұзушылықтың субъективтік жағы ол құқықбұзушының кінәсінің нысанымен (абайсызда немесе қасақана) сипатталады.

Табиғат қорғау тәжірибесінде кінәсіз (абсолютті) жауаптылық орын алуы мүмкін, яғни жоғарғы қауіп көзімен келтірілген зиян үшін.

№8 Дәріс (Д). Жерді құқықтық қорғау.

Қарастырылатын сұрақтар:

- а) Жердің құқықтық режимі
- ә) жерге меншік және жер пайдалану құқықтарының түсінігі
- б) жер пайдалану құқығы
- в) жерді қорғау және ұтымды пайдалану шаралары

Жер – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі;

Жер қатынастарының объектісі – Қазақстан Республикасы аумағының шегіндегі бүкіл жер, онда орналасқанына және олардың жекелеген субъектілерге бекітіліп берілуінің құқықтық негіздеріне қарамастан жекелеген жер учаскелері, сондай-ақ жер учаскелері мен жер үлестеріне құқықтар;

Жер құқығы қатынастары – жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға, жекелеген субъектілерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар;

Жер құқығы қатынастарының субъектілері – жер құқығы қатынастарына қатысушылар болып табылатын және соған орай құқықтары бар әрі осы құқық қатынасында міндеттер атқаратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттер;

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Жер заңдарының принциптері:

- 1) Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі;
- 2) жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;
- 3) жерді қорғау және ұтымды пайдалану;
- 4) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 5) жерді нысаналы пайдалану;
- 6) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басымдығы;
- 7) жердің жай-күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- 8) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау;
- 9) жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою;

10) жерді ақылы пайдалану принциптеріне негізделеді.

Жерге меншік

Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері Кодексте белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Меншік құқығының мазмұны меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқықтарын қамтиды.

Жер учаскесіне меншік құқығының туындауы

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асырылуға тиіс.

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын тоқтату негіздері :

- 1) меншік иесі - жер учаскесін немесе жер пайдаланушы жер пайдалану құқығын иеліктен шығарып басқа тұлғаларға берген;
- 2) меншік иесі меншік құқығынан немесе жер пайдаланушы жер пайдалану құқығынан бас тартқан;
- 3) жер учаскесіне меншік құқығынан немесе жер пайдалану құқығынан Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда айырылған ретте тоқтатылады.

Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері

Жерді қорғау қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды.

Жерді қорғау мақсаттары:

- 1) өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау;
- 2) тозған немесе бүлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету;
- 3) жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу болып табылады.

Жерді қорғау мақсатында жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар төмендегідей шараларды жүзеге асыруға міндетті:

- 1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;

2) ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;

3) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақтылы тартуға;

4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

Жерді қорғауда алдын алу шараларының маңызы үлкен. Олар:

Жер мониторингі болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қорының сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Жер мониторингі қоршаған табиғи ортаның жай-күйі мониторингінің құрамдас бөлігі және сонымен бір мезгілде басқа да табиғи ортаға мониторинг жүргізу үшін база болып табылады.

Халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы жердің ғаламдық мониторингі бойынша жұмыстарға қатысуы мүмкін.

Жерге меншік нысандарына, жердің нысаналы мақсаты мен пайдаланылу сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері жер мониторингінің объектісі болып табылады.

Жер мониторингінің міндеттері:

1) жердің жай-күйінің өзгерістерін уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжам жасау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерге орналастыруды, жерді пайдалану мен қорғауды бақылауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

№9 Дәріс (Д). Жер қойнауының құқықтық режимі және оны қорғау.

Қарастырылатын сұрақтар:

- а) Жер қойнауының түсінігі
- ә) жер қойнауын пайдалану құқығының түсінігі және түрлері
- б) жер қойнауына меншік құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен оның құрамындағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болады.

Жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен орналасқан не пайдалы қазбалары жер бетіне шығып жатқан, ал топырақ қабаты жоқ болса – жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, ғылыми–техникалық прогресті ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі;

Жер қойнауына мемлекеттік меншік Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігін құрайтын негіздердің бірі болып табылады. Мемлекет Заңда көзделген негіздерде, жағдайлар мен шектерде жер қойнауына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Заңда және келісімшартта өзгеше көзделмеген болса, минералдық шикізат жер қойнауын пайдаланушыға меншік құқығында (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына – шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында) тиесілі болады.

Минералдық шикізат дегеніміз – жер қойнауының жер үстіне шығарылған, құрамында пайдалы қазба (пайдалы қазбалар) бар бөлігі (тау–кен жынысы, кен шикізаты және басқалар);

Техногендік минералдық түзілімдер жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады.

Техногендік минералдық түзілімдер дегеніміз – тау-кен өндіру және байыту, металлургиялық және басқа да түрлі өндірістерінің қалдықтары болып табылатын, пайдалы компоненттері бар минералдық түзілімдердің, тау-кен жыныстарының, сұйықтар мен коспалардың жиналымы;

Техногендік минералдық түзілімдерді игеру кезінде жер қойнауын пайдаланушы не техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығы бар үшінші тұлға техногендік минералдық түзілімдер құрамында болатын және оларды алу, пайдалану (өткізу) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында көзделмеген пайдалы қазбалардың қорына қатысты жер қойнауының мемлекеттік сараптамасын жүргізуге және құзыретті органмен келісімшарт жасасуға міндетті.

1992 жылғы 30 мамырға дейін қоймаға қойылған немесе минералдық ресурстардың мемлекеттік қорына қосылған техногендік минералдық түзілімдер мемлекет меншігі болып табылады.

Мемлекет меншігіндегі техногендік минералдық түзілімдерден алынған пайдалы қазбаларға меншік құқығы келісімшартта айқындалады.

Пайдалы қазба дегеніміз – химиялық құрамы мен физикалық қасиеті оларды материалдық өндіру және (немесе) тұтыну саласында және (немесе) өзге мұқтаждықтарға тікелей немесе өңдеуден кейін пайдалануға мүмкіндік беретін жер қойнауындағы табиғи минералдық түзілім, көмірсутектер және жерасты сулары.

Минералдық шикізат, техногендік минералдық түзілімдер немесе пайдалы қазбалар өзіне меншік құқығында тиесілі жер қойнауын пайдаланушы минералдық шикізатқа, техногендік минералдық түзілімдерге немесе пайдалы қазбаларға иелік етуге, оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген азаматтық–құқықтық мәмілелер жасасуға құқылы.

Геологиялық ақпарат – геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық, тектоникалық мәліметтерді, тау-кен қазбаларының, ұңғымалардың техникалық құжаттамасын, кен орнының, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар

жүргізілетін келісімшарттық аумақтағы жұмыс учаскесі мен объектілердің болжамды ресурстарын және баланстық қорларын қамтитын материалдар жиынтығы;

Геологиялық ақпарат, егер ол Қазақстан Республикасының бюджет қаражаты есебінен алынса – мемлекет меншігінде, ал жер қойнауын пайдаланушының жеке қаражаты есебінен алынса, жер қойнауын пайдаланушының меншігінде болады.

Қаржыландыру көзіне қарамастан, жер қойнауы туралы геологиялық және өзге де ақпарат жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға сақтау, жүйелеу және жинақтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес міндетті түрде ақысыз беруге жатады.

Геологиялық ақпарат ақылы немесе ақысыз негізде беріледі.

Геологиялық ақпарат мыналарға **ақысыз негізде беріледі**:

- жер қойнауын геологиялық зерттеуге байланысты жұмыстарды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізетін тұлғаларға;
- ғылыми зерттеулер мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жағдайларда ғылыми мақсаттар үшін;
- мемлекеттік, сондай-ақ аккредиттелген жеке оқу орындарына – оқу мақсаттарында;
- мемлекеттік органдарға.

Жер қойнауы туралы ақпарат ақылы негізде беріледі. Жер қойнауы туралы ақпаратты беру талаптарына қарамастан, оны көшіру жөніндегі шығыстарды ақпарат алушы бөлек өтейді.

Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпаратты оқу, ғылыми, коммерциялық мақсаттарда пайдалану және геологиялық ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерге әкету ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекет меншігінде болатын геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде айқындалады. Геологиялық ақпараттың құны Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді.

Тарихи шығындар – мемлекет келісімшарттық аумақты геологиялық зерттеуге және кен орындарын барлауға жұмсаған, олар туралы геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне берілген бұрынғы жиынтық шығындар.

Тарихи шығындарды және геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Келісімшарттың қолданысы тоқтатылған кезде барлық геологиялық ақпарат мемлекет меншігіне өтеді. Жер қойнауын пайдаланушы барлық құжаттарды және геологиялық ақпараттың өзге де материалдық жеткізгіштерін жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға ақысыз тапсыруға міндетті.

Мемлекеттің жер қойнауын пайдалану саласындағы артықшылықты және басым құқықтары

Қазақстан Республикасының, көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегеріле отырып, жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде қолданатын, мәмілені жасасу күніне қалыптасқан бағадан аспайтын бағалар бойынша жер қойнауын пайдаланушының пайдалы қазбаларын сатып алуға басқа тұлғалар алдында артықшылықты құқығы бар.

Жер қойнауын пайдаланушы мәмілелер жасасу кезінде қолданатын пайдалы қазбалар бағалары туралы ақпарат болмаған жағдайда, әлемдік нарықта мемлекеттің пайдалы қазбаларды сатып алуы жөніндегі мәмілені жасасу күніне қалыптасқан бағалардан аспайтын бағалар қолданылады.

Сатып алынатын пайдалы қазбалардың шекті көлемі және төлем түрі келісімшартпен айқындалады.

Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларды сатып алуға артықшылықты құқығын іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Жер қойнауын пайдалануды шектеу және тыйым салу 3 жағдайда болуы мүмкін:

1. Ұлттық қауіпсіздікті
2. Халықтың қауіпсіздігін
3. Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша.

Елді мекендердің, қала маңы аймақтарының, өнеркәсіп, көлік және байланыс объектілерінің аумақтарында жер қойнауын пайдалануға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ішінара немесе толық тыйым салынуы мүмкін, егер мұндай пайдалану:

1. адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі
2. шаруашылық объектілеріне
3. қоршаған ортаға нұқсан келтіруі мүмкін болса.

Пайдалы қазбаларды реквизициялау

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбалардың бір бөлігін немесе барлығын реквизициялауға құқығы бар:

- Төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда.

Реквизиялау Қазақстан Республикасының мұқтаждығына қажет мөлшерде төтенше немесе соғыс жағдайының барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізілуі мүмкін. Пайдалы қазбаларды реквизициялау меншік нысанына қарамастан, кез келген жер қойнауын пайдаланушыға қатысты жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы реквизицияланған пайдалы қазбалар үшін заттай нысанда немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушыға, олардың құнына еркін айналымдағы валютамен, ал ұлттық жер қойнауын пайдаланушыға жер қойнауын пайдаланушы тиісті пайдалы қазбаларға қатысты мәмілелер жасасу кезінде реквизициялау күніне қолданатын, көліктік шығыстар мен өткізу шығындары шегерімінен қалған бағадан аспайтын бағалар бойынша ұлттық валютамен өтемақы төлеуге кепілдік береді.

Жер қойнауын пайдалану құқығы дегеніміз келісім шарттық аумақ шегінде, жер қойнауын иелену және пайдалану.

Келісімшарттық аумақ дегеніміз – жер қойнауын пайдаланушы келісімшартқа сәйкес онда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге құқылы болатын, геологиялық не тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақ. геологиялық бөлу – барлауға, бірлескен барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жер қойнауын пайдаланушы барлау жүргізуге құқылы жер қойнауы учаскесін схемалық және сипаттамалық жағынан айқындайтын қосымша;

Жер қойнауын пайдалану құқығы келесі операцияларды жүзеге асыру үшін беріледі:

- **Мемлекеттік геологиялық зерттеу** - жер қойнауы жай-күйінің мониторингімен, жер қойнауы учаскелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының жекелеген бөліктерінің және тұтастай бүкіл аумағының геологиялық құрылымын зерттеумен, оларда пайдалы қазбалардың болу перспективаларын іздеу және іздеу–бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы айқындаумен, жер қойнауын пайдаланудың ақпараттық негізін құрайтын мемлекеттік геологиялық карталар жасаумен байланысты жұмыстар (операциялар);
- **өндіру** – минералдық шикізатты бастапқы өңдеуді және уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне шығаруға, сондай-ақ техногендік минералдық түзілімдерден алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) барлық кешені;
- **барлау** – пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеумен және оларды бағалаумен байланысты жұмыстар (операциялар);
- **жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану** – мұнай мен газды сақтау үшін жерасты немесе топырақ қабатынан төмен тереңдіктегі құрылыстар, тоннельдер, метрополитендер, қорларды жасанды толтыру үшін жер қойнауына

жерасты суларын айдауға арналған құрылыстар, қатты, сұйық және радиоактивті қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен жиып қою және сарқынды әрі өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызу үшін өңделген қазба қалдықтарының қоймаларын, шөгінді қоймаларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар;

Жер қойнауын пайдалануға байланысты кейбір операциялардың түрлерін минералды шикізат ресурстарының түрлеріне байланысты жіктеуге болады, мысалы:

- қатты күйдегі, жер асты суларын, кең таралған пайдалы қазбаларды және көмірсутекті шикізатты барлау
- қатты күйдегі, жер асты суларын, кең таралған пайдалы қазбаларды және көмірсутекті шикізатты өндіру
- Минералды шикізат ресурстарын сақтау үшін жер асты құрылыстарын салу, мысалы, мұнай, газ, су.
- Аталған құрылыстарды пайдалану

Жер қойнауын пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтемді немесе өтеусіз болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды өз мұқтажы үшін өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың барлық қалған түрлері уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері:

Қазақстандық және шетелдік жеке және заңды тұлғалар жер қойнауын пайдалану құқығының субъектілері болуы мүмкін.

Жер қойнауын пайдалану құқығының туындау негіздері:

Жер қойнауын пайдалану құқығы:

- 1) беру;
- 2) табыс ету;
- 3) құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысу жолымен туындайды.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға тікелей мемлекеттің беруін білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын табыс ету жер қойнауын пайдалану құқығын тұлғаға басқа жер қойнауын пайдаланушының беруін білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығының құқық мирасқорлығы тәртібімен ауысуы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие жеке тұлға қайтыс болған кезде құқық мирасқорында жер қойнауын пайдалану құқығының туындауын білдіреді.

Жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер болмаса, ешкім жер қойнауын пайдалану құқығынан айырылмайды.

Жер қойнауын пайдалану құқығы:

- 1) келісімшарттың қолданылуы тоқтатылған;
- 2) барлаумен немесе өндірумен байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттарды көмуге және сарқынды суларға арналған жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге, сондай-ақ Заңның **35-бабының 6-тармағына** сәйкес өндірістік-техникалық жерасты суларын тәулігіне екі мың текше метр және одан да көп көлемде барлауға немесе өндіруге арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен немесе ол кері қайтарып алынған;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі Заңның **14-бабына** сәйкес жер қойнауы учаскесін пайдалануға тыйым салу туралы шешім қабылдаған;

4) жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлға таратылған жағдайларда тоқтатылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын тоқтату жер қойнауын пайдалану мақсатында берілген жер учаскесіне жер пайдалану құқығын тоқтатудың сөзсіз негізі болып табылады.

Жер қойнауымен және жер қойнауын пайдаланумен байланысты құқықтық қатынастар мынадай қағидаларға негізделеді:

1) жер қойнауын ұтымды (шығын болуына жол бермеу), кешенді (өндірілетін пайдалы қазбаларды таңдамай, оларды мүмкіндігінше игеру немесе болашақ ҒТП қалдыру) және қауіпсіз пайдалануды (арнайы білімі, дайындығы бар мамандарды тарту; арнайы киім жарақтармен қамтамсыз ету; жарылғыш заттардың қатаң есептілігі және қауіпсіз пайдаланылуы; техникалық құжаттарды сақтау және т.б.) қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды (табиғи күйінде қорғау, геологиялық зерттеу немесе ө және б кезінде қорғау) қамтамасыз ету; Қорғау дегеніміз аталған операциялардың ғылыми негізделген, терең зерттелген негізді болуын қамтамасыз ету, жаңа технологияларды пайдалану.

3) республикалық және аймақтық мүдделердің үйлесуін қамтамасыз ету;

4) минералдық шикізат базасын толықтыруды қамтамасыз ету;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жариялы түрде жүргізу;

6) жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы;

7) жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізуге инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу.

№10 Дәріс (Д). Судың құқықтық режимі.

Қарастырылатын сұрақтар:

- а) сулардың құқықтық режимі
- ә) су пайдалану құқығы
- б) су объектілерін қорғау және ұтымды пайдалану шаралары

Сулар - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы;

Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

- 1) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) су қатынастарын реттеу;
- 3) тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;
- 4) су қорын пайдаланудың және қорғаудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;
- 5) су ресурстарын зерттеу, барлау және осы ресурстар мен су шаруашылығы құрылыстарын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы қатынастарды басқару.

Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды.

Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады.

Су айдындары (өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, ішкі сулар, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, мемлекетаралық және республикалық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан су қорының жерлері, сондай-ақ осы құрылыстардың су қорғау белдеулеріне және ауыз сумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлінген жерлер мемлекет меншігінде болады.

Қазақстан Республикасының су заңдары мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) халықтың өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын сулардың мемлекеттік маңызын мойындау;
- 2) халықты ауыз судың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;
- 3) халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі;
- 4) су алуды азайтуға және судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игеріп, кешенді және ұтымды су пайдалану;
- 5) су объектілерін оларды қорғаумен қоса кешенді пайдалану;
- 6) арнайы су пайдаланудың ақылылығы;
- 7) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу;
- 8) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғандық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;
- 9) су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларға жұртшылықты тарту;
- 10) Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- 11) халықаралық нормалар мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде трансшекаралық суларды пайдалану.

Су объектілері:

- 1) жер үсті су объектілері;
- 2) жер асты су объектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының теңіз сулары;
- 4) трансшекаралық сулар болып бөлінеді.

Пайдалану түрлеріне қарай су объектілері:

- 1) ортақ пайдаланудағы су объектілері;
- 2) бірлесіп пайдаланудағы су объектілері;
- 3) оқшау пайдаланудағы су объектілері;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері;
- 5) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері болып бөлінеді.

Жер үсті су объектілері:

- 1) су айдындары - өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар;
- 2) мұздықтар, батпақтар болып бөлінеді.

Жер асты су объектілеріне мыналар жатады:

- 1) су тұтқыш аймақтар, тау-кен жыныстарының жиектері мен кешендері;
- 2) жер асты суларының бассейні;
- 3) жер асты сулары орындары мен учаскелері;
- 4) жер асты суларының құрлықта немесе су астынан табиғи шығуы;
- 5) жер қойнауының суландырылған учаскелері.

Қазақстан Республикасының **теңіз суларына**, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты сулары **трансшекаралық сулар** болып табылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, барлық су объектілері **ортақ пайдаланудағы** объектілер болып табылады.

Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара бірлесіп пайдалануға берілген су объектілері **бірлесіп пайдаланудағы** су объектілері болып табылады.

Жеке немесе заңды тұлғаларға толық немесе ішінара оқшау пайдалануға берілген су объектілері **оқшау пайдаланудағы** су объектілері болып табылады.

Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері:

- 1) қысқа мерзімді пайдалану;
- 2) ұзақ мерзімді пайдалану құқығымен табысталады.

Қысқа мерзімді пайдалану құқығы бес жылға дейінгі мерзімге, ұзақ мерзімді пайдалану құқығы бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге табысталады.

Суларды қорғау мен ұтымды пайдалану саласындағы ұйымдастырушылық құқықтық құралдарға мыналар жатады:

- Су объектілерін ұтымды пайдалануды жоспарлау
- Суларға әсер етудің шекті мөлшерлерін нормалау
- Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі
- Мемлекеттік су есебі
- Су объектілерін қорғау мен пайдалануға мемлекеттік бақылау

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік сараптама

Су қорын пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік сараптаманың мынадай түрлері жүзеге асырылады:

- 1) су объектісінің жай-күйіне әсер ететін қызметке мемлекеттік сараптама;
- 2) су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және қайта жаңғыртуға, пайдалануға, консервациялауға және таратуға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптама;
- 3) жер асты суларының қорларына және жер асты су объектілері туралы геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптама;
- 4) су шаруашылығы және өнеркәсіптік гидротехникалық құрылыстардың төтенше жағдайлардың талаптарына сәйкестігіне мемлекеттік сараптама;

5) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптамалар.

Су объектілеріне ластаушы заттардың ағызылуын азайту жөніндегі талаптар:

- ✓ Су ресурстарын пайдалану мен қорғау ластаушы заттарды ағызылу нүктелерінде нормалауға тиісті бассейн, ағын су немесе учаске шегінде барлық ұйымдардың су шаруашылығы қызметін жинақтап нормалауға негізделеді.
- ✓ Ағызылатын суды тазарту дәрежесіне және сапасына қойылатын талаптар су объектісін ықтимал мақсатты пайдалану бағыттары бойынша айқындалып, есептеулермен негізделеді және онда су объектісінің нақты жай-күйі, техникалық және экономикалық мүмкіндігі, жоспарланатын көрсеткіштерге қол жеткізу мерзімдері ескерілуге тиіс.

Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу

Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының аумағындағы су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүйелі түрде анықтау және тіркеу болып табылады.

Мемлекеттік су кадастры су объектілерінің жай-күйімен пайдаланылуы туралы, олардың су ресурстары туралы, су пайдаланушылар туралы жүйелендірілген ресми деректер жиынтығы болып табылады.

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі олардың жай-күйіне гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитарлық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерді тұрақты қадағалау, жағымсыз процестерді уақтылы анықтау, олардың дамуын бағалау мен болжау мақсатында алынған ақпаратты жинау, өңдеу және беру, жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының зиянды зардаптарын болғызбау және тиімділік дәрежесін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу жүйесі болып табылады.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы нормалау

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы нормативтік-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі судың сандық және сапалық көрсеткіштеріне, олардың көрсеткіштерін дәл өлшеу нормаларына қойылатын талаптарды регламенттеу мақсатында белгіленеді әрі өндірістік және өзге қызметтің су объектілеріне ықпал ету шегін реттейді.

Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлер нормативтері

Жер үсті және жер асты суларын экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жағдайда ұстау Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен, жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлер нормативтерінің сақталуымен қамтамасыз етіледі.

Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері:

- 1) ұзақ уақыт ықпал етуі су объектісінің экологиялық жүйесінің өзгеруіне әкеп соқтырмайтын антропогендік жүктеменің жол берілетін шекті мөлшеріне;
- 2) су объектісіне және оның су жинау алаңына түсуі мүмкін зиянды заттардың жол берілетін көлемі мен шоғырлануына сүйене отырып белгіленеді.

11 дәріс Суды қорғау және пайдаланудың экологиялық құқықтық режимі.

1.Қазақстан Республикасының су заңнамасының принциптері,міндеті мен мақсаты.

2.Су заңнамасы пәнінің түсінігі және су қатынастары объектілері.

3.Су объектілерінің түрлері мен оларды пайдалану құқығы.

4. Суды қорғау және пайдаланудың экологиялық талаптары

1. ҚР Су заңнамасы ҚР Конституциясына негізделеді және 2003 жылы 9 шілдеде қабылданған ҚР Су Кодексінен және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Су Кодексінде көзделген нормалардан өзге ережелер Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделсе, халықаралық шарт ережелері қолданылады. Суды пайдалану және қорғау жөніндегі экологиялық талаптарға байланысты қатынастар ҚР Экологиялық кодексімен реттеледі. ҚР Су Кодексінің 1-бабына сәйкес барлық су объектілерінде орналасқан су ресурстары сулар болып табылады. Қоршаған ортаны және халықтың тұрмыс тіршілігін жақсарту үшін су қорын қорғау және суды эканомикалық ұтымды пайдалану, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу ҚР Су заңнамасының негізгі мақсаттары болып табылады.

ҚР Су заңнамасының міндеттері:

су қорын қорғау және пайдалану аясында мемлекеттік саясатты жүргізу;

су қатынастарын реттеу;

су қорын қорғау және пайдаланудың тұрақтылығын дамыту мен қолдаудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;

су қорын пайдаланудың және қорғаудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;

ҚР Су заңнамасы келесідей принциптерге негізделеді:

халықтың қызметімен өмірінің негізі ретінде судың маңызын мемлекеттің мойындауы;

тұрғын халықты ауыз сумен тиісті дәрежеде және жоғары сапада қамтамасыз ету;

суға халықтың әділ және тең қолжетімділігі;

су объектілерін оны қорғау нормаларына сәйкес пайдалану;

арнайы су пайдаланудың ақылылығы;

ҚР Су заңнамасын бұзудан келген залалды өтеу міндеттілігі ;

ҚР Су заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершіліктен құтылмаушылық;

ҚР Су қорының жағдайы жөніндегі ақпараттарға қолжетімділік;

Таншекаралық суларды ҚР ратификацияланған халықаралық шарттар мен халықаралық нормаларға сәйкес пайдалану.

Суға меншік құқығы мен пайдалану құқығының мазмұнын ашпас бұрын «су қоры» мен «су объектісі» түсініктерін анықтаған жөн. ҚР Су кодексінің 4-бабына сәйкес ҚР территориясы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына алынған немесе алынуы тиіс барлық су объектілері ҚР су қорын құрайды. Су объектілерінің қатарына шекарасы көлемі және су режимі бар ҚР-ғы барлық жер үсті және жер асты сулары жатады. (ҚР Су Кодексінің 5-бабы) ҚР су қоры мемлекеттік меншік болып табылады және су қорын иелену пайдалану билік ету су ресурсының түсінігі берілген. ҚР Су кодексінің 6-бабына сәйкес су ресурсы- бұл пайдаланылатын немесе пайдаланылуы тиіс су объектілерінде орналасқан жер үсті және жер асты сулары.

2. Су заңнамасы пәнінің түсінігі және су қатынастары объектілері. Су кодексінің ең басты мақсаттарының бірі, суды неғұрлым тиімді пайдалану және оның ластанудан қорғауды қамтамасыз ету. Бұл міндетін су қатынастарын реттеумен жүзеге асырады. ҚР Су заңнамасы су қорын пайдалану және қорғау, су қорын басқару және су шаруашылық құрылыстары мен өзге де су қатынастарын реттейді. Су объектілерінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қорғау және су жүйесіне кері әсерін тигізетін шаруашылық және өзге де қызметтерден туындайтын қатынастар ҚР қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету заңнамаларымен және ҚР Су кодексімен реттеледі. Су қатынастары объектілерінің қатарына су объектілері, су шаруашылық құрылыстары және су қорындағы жерлер жатады.

Су заңнамасының пәні туралы анықтама ғалымдар арасында көптеген даулы пікірлер туғызды. Г.А. Аксененконың пікірінше бұл орайда екі түрлі қатынас бар: су ресурстарын пайдалануға байланысты қатынастар және су құрылыстарын пайдалануға байланысты қатынастар. «Егер де біз су

ресурстары мен су құрылыстарының жүйесін пайдалану туралы айтатын болсақ бұл қатынастардың шеңберіне барлық меншікке байланысты қатынастардың кешені кіреді және бұл қатынастар су шаруашылығының түсінігін береді»-деп тұжырымдайды. Қорыта айтқанда, суды пайдалану, суды қорғау және су ресурстарын пайдалануға байланысты барлық қатынастар су заңнамасының пәні болып табылады.

3. Су объектілерінің түрлері мен оларды пайдалану құқығы. Су объектілері мына түрлерге бөлінеді: жер үсті су объектілері; жер асты су объектілері; ҚР теңіз сулары; трансшекаралық сулар;

Су объектілері пайдалану түрлеріне байланысты: жалпы пайданылатын су объектілері: ортақ пайдаланылатын су объектілері; арнайы пайдаланылатын су объектілері: ерекше қорғалатын табиғи аймақтағы су объектілері; мемлекеттік маңызы бар су объектілері;

Жерүсті су объектілері мына түрлерге бөлінеді: өзен және оған теңестірілген каналдар, көл, су қоймасы, аймақтық сулар, балшықты су.

Жерүсті су объектілері жер үсті суынан, қайраң және жағалаудан тұрады.

Жерасты су объектілері қатарына жерасты су бассейндері, жерасты су уаскелері, жерасты суларының құрлық бетіне немесе су түбіндегі құрлық бетіне шыққан жері.

ҚР теңіз суларының қатарына ҚР ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе ҚР мемлекеттік шекара шеңберінде Арал және Каспий теңізінің сулары жатады. Трансшекаралық сулардың қатарына ҚР мемлекеттік шекарасымен қиылысқан барлық жерүсті және жерасты сулары жатады. Трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау ҚР Су кодексімен ҚР мемлекеттік шекара туралы заңнамамен және ҚР ратификацияланған халықаралық шарттарымен белгіленеді. ҚР заңдарында өзгеше көзделмесе барлық су объектілері жалпы пайдаланудағы объектілердің қатарына жатады. Жалпы пайдалану режимінен арнайы пайдалану режиміне ауыстыру ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша жол беріледі. Мемлекеттік ерекше маңызы бар су объектілерінің қатарын және олармен шаруашылық жүргізудің арықша құқықтық режимін ҚР Үкіметі белгілейді. (ҚР Су кодексінің 11-21бб)

Су объектілерін пайдалану құқығын жеке және заңды тұлғаларға су ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның келісімімен жергілікті атқарушы органдар береді.

Жеке және заңды тұлғаларға су объектілері пайдалану құқығы қысқа мерзімге және ұзақ мерзімге берілуі мүмкін. Қысқа мерзімді су ресурстарын пайдалану құқығы 5 жылға дейінгі мерзімге, ал ұзақ мерзімді пайдалану құқығы 5 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Су объектілеріне жеке және жария сервитуттар жариялануы мүмкін. Су объектілеріне жария сервитут ҚР заңдарына сай жергілікті атқарушы органның актісіне не су объектісін өз пайдалануына алған жеке және заңды тұлғаларды жариялау арқылы ортақ пайдаланудағы емес су объектілеріне жариялануы мүмкін. Жеке су сервитуты жария су сервитуты сияқты, сонымен қатар сот шешімі негізінде тағайындалуы мүмкін.

Жеке және жария жер сервитуты мынадай мақсаттарда тағайындалуы мүмкін:

суат және малдарды суару үшін;

су объектілерінің су жолдары ретінде пайдалану үшін (қайықпен жүзіп өту);

Су сервитутын жүзеге асыру үшін арнайы су пайдалану үшін берілетін рұқсат немесе лицензия қажет емес (ҚР СК 22, 23 бб)

Суды қорғау және пайдаланудың құқықтық режим су пайдалану түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін: жалпы, арнайы, бірлескен, алғашқы және кейінгі пайдалану, тұрақты және уақытша пайдалану.

Суды жалпы пайдалану құқығы адамның табиғи құқығы болып табылады және одан ажыратуға тыйым салынады. Арнайы су пайдалану құқығы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген рұқсат немесе лицензия негізінде пайда болады. Жалпы су пайдалануға арнайы рұқсат қажет етілмейді. Жалпы су пайдалану құқығына халықтың экологиялық техникалық санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қаматасыз ету мақсатында ғана тыйым салынуы мүмкін. Жалпы жер пайдаланудың шарттары мен ережелері жергілікті өкілді органмен бекітіледі.

Бірлескен су пайдалану құқығы су объектілерін екі несе одан да көп жеке және заңды тұлғалардың пайдалануы нәтижесінде туындайды.

Алғашқы су объектілерін пайдалану дегеніміз-жек және заңды тұлғалардың өздерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін су объектілерін пайдалануы немесе киінгі су пайдаланушыларға беруі.

Кейінгі су пайдалану дегеніміз-алғашқы су пайдаланушылармен шарт негізінде су объектілерін пайдалануға алатын жеке және заңды тұлғалардың суды пайдалануы. ҚР Су кодексінің 64-70 баптарына сәйкес жалпы су пайдалану тұрақты болып табылады.

Су пайдаланушылардың құқықтары:

ҚР Су заңнамасында көзделген талаптармен шарттарды сақтай отырып су объектілерін пайдалануға;

өздеріне берілген пайдалану құқығы негізінде су объектілерін өз қалауынша алайда өзге тұлғалардың құқықтарымен заңды мүдделерін бұзуға,су объектілеріне және қоршаған ортаға зиян келтірмей пайдалануға құқылы;

ҚР заңнамаларымен белгіленген тәртіппен су қоры жерілерін пайдалануға;

бірлестіктер,ассосациялар және өзге де су пайдаланушылардың коммерциялық емес ұйымдарын құруға;

су шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін ҚР заңнамасында көзделген тіәтіппен су объектілерінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

өзінің су пайдалану құқығын қорғауға;

ҚР заңнамаларында көзделген су қорын қорғау және пайдалану аясындағы өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Су пайдаланушылардың міндеттері:

суды үнемдеу шараларын сақтауға;

су объектілеріне және су шаруашылық құрылыстарына күтіммен қарауға және оларға келуі мүмкін зардаптың алдын алуға;

су пайдалану режимімен лимитін сақтауға;

өзге табиғат пайдаланушылармен су ресурстарын пайдаланушылардың құқықтарымен заңды мүдделерін бұзбауға;

суды қорғау іс шараларын жүргізуге;

арнайы су пайдалану рұқсатында немесе лицензиясында айқындалған талаптарға сай тиісті мерзімде толық көлемде пайдалануға;

белгіленген нормалардан көп қауіпті қалдықтарды шығармауға;

мемлекеттік органдарға дұрыс әрі толық су пайдалану жағадйы туралы ақпарат беріп тұруға;

су объектілерімен су шаруашылық құрылыстарында өндірістік қауіпсіздікті сақатауға;

су объектілерімен су шаруашылық құрылыстарында жеке және заңды тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

су пайдалану төлемдерін уақытылы төлеуге. (ҚР ЖК 71,72 баптары)

4. Суды қорғау және пайдаланудың экологиялық талаптары. ҚР жаңа экологиялық заңнама су объектілерін және су құрылыстарын әсер ететін кәсіпорындармен басқа құрылыстарды салу реконструкциялау,пайдалану,жою қоршаған ортаны қорғау су қорын пайдалану және қорғау өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекетік органдардың оң қортындылары болған кезде жүзеге асады.Су объектілерінің жай-күйіне кәсіпорындар мен басқада құрылыстарды орналастыру қоршаған ортны қорғаудың,санитарлық эпидемиологиялық,өнеркәсіптік қауіпсіздікті,су ресурстарын молайту және ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып,сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық саладары ескеріле отырып жүргізіледі.Осыған орай су объектілеріне және су құрылыстарына әсер ететін кәсіпорындармен басқа құрылыстарды салу процедурасы белгіленген.Тиісті кәсіпорындар мен құрылыстарды салу тиісті жобалау құжатын тапсырғаннан кейін бір айдың ішінде мемлекеттік уәкілеттік органның рұқсатымен жүзеге асырылады.Мемлекеттік органдардың рұқсатын алғаннан кейін аталған жобалау құжаты мемлекеттік жобалау экспиртизасы мен мемлекеттік экологиялық экспиртизадан өтеді.

Су объектілеріндегі жұмыстар қоршаған ортамен халықтың денсаулығына кері әсерін тигізбейтін технологиялар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.Сарқынды суды жинақтаушысы бар табиғат пайдаланушылар оның қоршаған ортаға әсерін болғызбайтын қажетті шаралар қабылдауға,сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғанна кейін осы жинақтаушылар орналасқан жердің қайта өңделуін жүзеге асыруға міндетті.Табиғат пайдаланушы ластанушы заттардың сарқынды суда белгіленген шоғырлану нормативтерін асыра немесе сарқынды судың құрамына экологиялық рұқсатта көзделмеген жаңа

заттарды қоса алмайды. Аталған талаптар бұзылған кезде сарқынды суларды ағызып жіберу тоқтатылуға тиіс және ағызылған суда бетон және металды бүлдіріп бұзатын заттар болмауы керек. Ағызылған судың температурасы отыз градустан аспауы тиіс. Сарқынды суды олардың тазалану деңгейіне қарамастан орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздеріндегі курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді.

5. Су объектілерін қорғау және олардың ластануының алдын алу шаралары. Су объектілерінің сапасын төмендететін және оларды пайдалануын шектейтін зиянды заттардың су объектілеріне түсуі судың ластану болып табылады.

Су объектілерін қорғау :

- экологиялық жүйенің тұрақтылығын бұзудың;
- тұрғын халықтың өмірімен денсаулығына зиян келтірудің;
- балықтармен өзге де су жануарларының азаюының;
- сумен қамтамасыз ету талаптарының бұзылуының
- су объектілерін пайдалану және тазарту мүмкіндіктерінің төмендеуінің;
- су объектілерінің гидрологиялық және гидрогеологиялық режимін бұзудың;
- су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық құрамын бұзудың алдын алу арқылы жүзеге асырылады.

Су объектілерін қорғау тәсілдері:

- барлық су пайдаланушыларға ортақ су объектілерін қорғау талаптарын белгілеу;
- шаруашылық қызметтің ерекше түрлеріне арнайы талаптар белгілеу;
- техникалық, экологиялық, эпидемиологиялық қауіпсіз технологияларын қолдану іс шараларын қабылдау;
- су объектілерін пайдалану және қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізу;
- су объектілерін қорғау жөніндегі талаптарды бұзушылық үшін жауапкершілік белгілеу.

Су объектілерін ластанудан қорғау мақстанда:

- су объектілерінде улы химиялық тыңайтқыштарды қолдануға;
- су объектілерінде радиактивті қалдықтарды тастауға немесе сақтауға;
- тиісті тазалау нормативтеріне сәйкес келмейтін немесе тазартылмаған өндірістік тұтыну қалдықтарын су объектілеріне тастауға;
- су объектілерінде ядролық және өзгеде жарылыс құралдарымен жұмыс жүргізуге;
- қоршаған ортамен халықтың денсаулығына қауіп төндіретін технологияларды қолдануға тыйым салынады. (ҚР СК 113-бап)

12 дәріс

Орманды қорғау және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

1. Орман қатынастарын реттейтін заңнамалардың принциптері

2. Орман құқықтық қатынастарының объектісі және субъектісі.

3. Орман объектілерін иелену және пайдалану құқығы.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдалану құқығын тоқтататұру, шектеу және тоқтату негіздері.

. Орман қоршаған ортаның ажырамас бөлігі және адам өмірінің экологиялық кешені ретінде ерекшеленеді. Орман әртүрлі сауықтыру қорғау және өндірістік-эксплуатациялық функцияларды атқарады:

а) жер атмосферасын оттегімен қаматасыз ете отырып, тірі организмдердің өмір сүруіне қажетті ауа бассейнін тазалайды;

б) өсімдіктер құстар жануарлар дүниесі мен адамдардың өсіп өнуіне қажетті микроклиматты қалыптастырады;

в) су қорғау функциясын атқарады;

г) халықты ағаш өнімдерімен қамтамасыз етіп, үлкен экономикалық қызмет атқарады.

ҚР Орман заңдары ҚР Конституциясына негізделіп, 2003 жыл 9-шілдеде қабылданған Орман Кодексінен және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Орман кодексі орман қорын пайдалану, иелені, билік етуге байланысты қатынастарды реттейді, сонымен қатар, орман қорының экологиялық және ресурстық дамуының, қорғалуының құқықтық негіздерін белгілейді. Орман қатынастарын реттеудің маңыздылығы орманның экологиялық, әлеуметтік және экономикалық маңыздылығында.

ҚР Орман заңнамасы келесідей принциптерге негізделеді:

- климат реттеушілік, су қорғаушылық және санитарлық гигиеналық функцияларына орай орманның жалпы мемлекеттік маңыздылығын мойындау;

- орман қорын тұрақты дамыту;

- орманның биоәртүрлілігін сақтау;

- орман қорын әртүрлі мақсатта пайдалану;

- орман қорын ұтымды және үздіксіз пайдалану;

- орман қорын қорғау және пайдалану аясындағы мемлекеттік реттеумен бақылау;

- ҚР Орман заңнамасын бұзудан келген залалдарды өтеу мүмкінділігі;

- орман ресурстарын пайдаланудың ақылшылығы;

- орман қорының жай-күйі туралы ақпараттарға қол жетімділік;

- орман қорын қорғауға тұрғын халықтың және қоғамдық бірлестіктердің қатысуы.

2. Орман құқықтық қатынастарының объектісі және субъектісі. Орман қорындағы жерлер орман ресурстары және орманның өзіне тән пайдалы қасиеттері ҚР орман қоры ретінде орман құқықтық қатынасының объектісі болып табылады. ҚР территориясындағы барлық ормандар сонымен қатар, орман қорының жерлері ҚР орман қорын құрайды. Орман түсінігі орман өсімдіктері, жер, жәндіктер, құстар, жануарлар және өзге де қоршаған орта компоненттерінің ажырамас бөлігі ретінде түсіндіріледі. ҚР Жер кодексіне сәйкес жер учаскелері орман өсіру мақсатында жеке меншікке берілуі мүмкін. Осыған орай жеке меншік Мемлекеттік орман қорына мыналар жатады:

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы жасанды және табиғи өскен ормандар;

- мемлекеттік орман қорының жеріндегі жасанды және табиғи түрде өскен ормандар, сонымен қатар, орман шаруашылық қажеттілігіне арналған орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

- жалпы пайдаланыстағы халықаралық және республикасылық маңызы бар теміржол және авткөлік жолдар, каналдар, магистральді құбырлар жанындағы 0,05 га-дан асатын күйсіздік үшін өсірілген ағаштар.

Жеке меншіктегі орман қорының қатарына жасады өсірілген ормандар, он метр немесе оданда астам ұзындықтағы плантациялық егістіктер жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың

қаражатымен өсірілген ауданы 0,05 га-дан асатын орман егістіктері, ҚР Жер кодексіне сәйкес жеке меншікке және ұзақ мерзімге орман өсіру үшін пайдалануға берілген жерлер жатады.

Орман қорына:

- мемлекеттік орман қоры жерінен тыс орналасқан ауданы 0,05 га-дан аз жекелеген ағаштар немесе ағаштар тобы;

- орман саябақтары мен қала ормандарынан басқа елді мекен шекарасынан тыс жеріндегі орман егістіктері.

- бақ және саяжай учаскелеріндегі ағаштар.

ҚР Мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншікке жатады. Жеке меншіктегі орман қоры учаскелеріне иелену, пайдалану, билік етуді Орман кодексіне және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актісіне сәйкес тиісті орман иелері жүзге асырады. Мемлекеттік орман қоры жерінің қатарына мемлекеттік бюджет есебіне табиғи және жасанды түрде өсірілген орман жерлері, орман шаруашылығымен айналысатын мемлекеттік органдарға тұрақты пайдалануға берілген жерлер жатады. Мемлекеттік орман қорындағы жерді сатып алу, сату, кепілге салу және өзге де мәмілелер арқылы иеліктен шағаруға жол берілмейді. Орман қорының жерлерін пайдалану, беру алып қою тәртібі Орман кодексімен, ҚР жер және азаматтық заңнамаларымен айқындалады. (ҚР ОК 7,8 бб)

Орман ресурстарының қатарына орман қорында орналасқан немесе өмір сүретін жануарлар мен өсімдіктердің өнімдері жатады (оның ішінде жаңғақ, саңырауқұлақ, жемістер, емдік қасиеті бар өсімдіктер, ағаш шырындары). Орман құқықтық қатынастарының субъектілеріне жеке және заңды тұлғалар сонымен қатар, орман өсіру және орманды пайдалану, қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жатады.

3. Орман объектілерін иелену және пайдалану құқығы. Мемлекеттік орман қорының учаскелеріндегі орманды иелену тұрақты жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жер қоры учаскелері меншікке:

- мемлекеттік орман қорын кешенді пайдаланатын ұйымдарға, мемлекеттік орман қорын қорғауға уәкілетті мемлекеттік ұйымдар мен мекемелеріне;

- мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтарға, мемлекеттік ботаникалық бақтарға, мемлекеттік дендрологиялық саябақтарға беріледі.

Мемлекеттік орман иелерінің құқықтары:

- ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға;

- Орман кодексіне сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды айдалануды жүзеге асыруға;

- тиісті аумақтық органдардың келісімімен техникалық және жобалау құжаттамасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға және орман шауашылығын жүргізуге қажетті құрылыстарды жүргізуге;

- орманды пайдалану өнімінен түскен кірістерді басқаруға;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсат құжатын беруге.

Жеке орман объектісін иеленушінің құқықтарына:

- ҚР заңдарында көзделген тәртіппен өздерінің меншік немесе ұзақ мерзімдегі пайдалану құқығындағы орман қорының учаскелерін иелену, билік ету, пайдалануға;

- тиісті аумақтық органдардың келісімімен техникалық және жобалау құжаттамасына сәйкес жеке орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға және орман шауашылығын жүргізуге қажетті құрылыстарды жүргізуге;

- орман қорын пайдаланудан түске өнімдермен кірістерді иеленуге;

Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижесі туралы хаттамаға сәйкес жасалатын шарт негізінде беріледі. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билеті негізінде пайда болады. Егер орман пайдаланушы қайтыс болса онда оның орман пайдалану құқығы ҚР Азаматтық кодексіне сай мұрагерлік жолмен басқа тұлғаға өтеді. Заңды тұлға қайта құрылған жағдайда оған тиесілі орман пайдалану құқығы оның құқық мирасқорына өтеді. Орман пайдалану құқығының ауысуы ұзақ мерзімді орман пайдалану шартына немесе орман билетіне өзгерістер енгізу арқылы

рәсімделеді. Жеке орман қорының учаскелерінде орман қорын пайдалану құқығын тиісті орман иесі анықтайды. (ҚР ОК 29,30 бб) Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға 10-49 жылға тиісті пайдалану құқығын алу үшін үміткер жеке немесе заңды тұлғаның орман пайдалануды жүзеге асыруға қажетті технологиялар мен қаражаты және тиісті квалификацияға сай келетін мамандар болуы тиіс. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ұзақ мерзімді орман пайдалану үшін берілген орман ресурстарын пайдаланбау тиісті мерзім өткеннен кейін орман пайдаланушының жеке

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін қысқа мерзімді орман пайдаланудың мына түрлеріне берілуі мүмкін:

- мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми зерттеу мақсатында пайдалануға;

- мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға пайдалануға. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру үшін тендер жүргізу тәртібін ҚР Үкіметі белгілейді.

4. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдалану құқығын тоқтататұру, шектеу және тоқтату негіздері.

Мемлекеттік орман учаскелеріндегі орман пайдалану құқығы мына жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

- орман пайдаланушы ҚР жануарлар дүниесімен ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды қорғау туралы заңнамаларды және ҚР Орман кодексінің талаптарын бұзған жағдайда;

- орман пайдаланушының орман билетінде немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шартында көзделген талаптарды орындамаса;

Мемлекеттік орман учаскелеріндегі орман қорын пайдалану құқығын шектеу негіздері:

- техникалық және табиғи мазмұндағы төтенше жағдайлардың нәтижесінде орман пайдалану құқығы жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік орман қоры учаскесіндегі орман ресурс қорының азаюы ;

- орманға авиациологиялық және авиобиологиялық тазартулар жүргізу үшін сонымен қатар, орманға жоғарғы өрт қаупі төнуі;

Егер де орманды пайдалану құқығын тоқтататұру немесе шектеуге негіз болған кедергілер жойылса орман пайдалану құқығы толық көлемде қалпына келтіріледі. Орман пайдалану құқығын шектеу немесе тоқтататұру тиісті орман пайдаланушыны ҚР Орман заңнамасын бұзғандығы үшін әкімшілік немесе өзге де жауапкершіліктен босатпайды.

Мемлекеттік жер қоры учаскесіндегі орман пайдалану құқығы келесі жағдайларда тоқтатылады:

- орман пайдаланушының орман пайдалану құқығынан ерікті бас тарту;

- орман пайдалану мерзімінің өтуі;

- орман пайдаланушы заңды тұлғаның таратылуы;

- орман пайдаланушының орман билетінде немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шартта көзделген талаптармен ережелерді екі немесе оданда көп рет бұзуы;

- орман пайдалану төлемдерін төлеу мерзімін екі немес одан көп рет бұзуы немесе тиісті мерзім белгіленген кейін үш ай мерзім ішінде орман пайдалану төлемін төлемесе;

- мемлекеттік орман қорындағы жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қою.

Мемлекеттік жер қоры учаскесіндегі орман пайдалану құқығы тоқтату негіздері:

- ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шарттың бұзылуы;

- орман пайдаланушының жазбаша арызы;

- уәкілетті органмен белгіленген тіртіпте орман билетінің күші жойылуы;

- лицензияны қайтып алу (лицензияланатын орман пайдалану құқықтары үшін ҚР ОК 39-41

бб).

13.Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.

1.Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.

2.Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.

3.Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.

4.Балық аулау мен балық шаруашылығын ұымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу.

5.Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Жануарлар дүниесі қоршаған ортаның құраушы бөлігі және экологиялық жүйе шынжырының бөлінбес тізбегі болып табылады. Ол қарапайым қауымдастықтардың жұмыс істеуіне, топырақтың құрылымы мен табиғи өнімділігіне, өсімдік жамылғысының, судың биологиялық құрамының қалыптасуына және жалпы қоршаған ортаның сапасына белсенді әсер ететін, табиғат энергиясы мен заттар алмасу процесінің қажетті құрамдасы болып табылады.

Жануарлар түрлерін санаттарға жатқызу және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстыру жануарлар дүниесінің түрлік алуандылығын сақтау, өсімін молайту және тұрақты пайдалану мақсатында жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қаңтардағы қаулысымен Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесіне мемлекеттік есептеу, кадастр және мониторинг жүргізу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалануды мемлекеттік басқару үшін, сондай-ақ жануарлардың биологиялық әралуандылығы мен тіршілік ету ортасын сақтап қалу мақсатында жүргізіледі.

ҚР Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі Заңының 1 бабында жануарлар дүниесі және қорғалуы, өсімінің молайтылуы және пайдаланылуы Заңмен реттелетін жануарлардың заңдық ұғымы беріледі.

2.Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.

Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады. Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түріне-жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілігінің өнімдерін тіршілік ету ортасынан алып пайдалану жатады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға-жануарлар дүниесі объектілері мен олардың пайдалы қасиеттерін табиғи ортадан алып қоймай пайдалану жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

Аңшылық,балық аулау, бұған омыртқасыз су жануарлары мен су сүтқоректілерін аулау да кіреді:

аңшылық және балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатта пайдалану:

жануарларды ғылыми, мәдени ағартушылық,тәрбиелік және эстетикалық мақсатта пайдалану:

жануарлардың пайдалы қасиеттері мен олардың тіршілік өнімдерін пайдалану.

Жануарлар дүниесін пайдалану ешқандай рұқсатсыз, тегін жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға мерзімі белгіленбейді.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының салықтық заңнамаларына сәйкес ақылы негізде жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлем табиғи еркін жағдайда тіршілік ететін жануарларды табиғи ортадан алғаны үшін төленеді.

Төлемшілер жеке және заңды тұлғалар, яғни жануарлар дүниесін пайдаланушылар болы табылады.

Төлем ставкасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Төлем мөлшері жануарлар санына және ставкаларға байланысты анықталады.

3. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.

Жануарлар дүниесін пайдаланудың негізгі түрлерінің бірі аң аулау болып табылады. Аңшылық мынадай түрлерге бөлінеді:

өндірістік аң аулау;

әуесқойлық аң аулау;

Өндірістік аң аулау-аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік мақсатта аулау. Әуесқойлық аң аулау-аңшылық объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және ауланған өнімдерді азық ретінде қолдану мақсатында аулау.

Аңшылық уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы беретін тиісті рұқсаттама негізінде жүзеге асырылады.

Өндірістік аңшылыққа аңшының мынадай құжаттары болған кезде ғана жол беріледі. Аңшының аңшылық минимумнан емтихан тапсырғаны және уәкілетті органның аумақтық органында тіркелгені көрсетілген куәлігі, рұқсаттамасы, аңшылық оқ ату қаруымен жүргізілетін жағдайда ҚР сы ішкі істер органдарының аңшылық оқ ату қаруын сақтау және алып жүру құқығына рұқсаты,

аңшылық шаруашылығы ұйымымен келісімшарт, аңшылық шаруашылығы ұйымының жолдамалары, және өндірістік журналы қажет болып табылады.

4. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу.

Балық аулау ережелері Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық аулауды ұымдастыру мен жүргізу тәртібін реттейді.

Балық шаруашылығы су айдындары пайдалану маңызына қарай 3 ке бөлінеді: халықаралық, республикалық, жергілікті.

Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді: өндірістік балық аулау, әуесқойлық балық аулау.

Өндірістік балық аулау-балық аулау объектісі болып табылатын балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерін кәсіпкерлік мақсатта аулау. Әуесқойлық балық аулау-балық аулау объектісі болып табылатын балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және ауланған өнімдерді азық ретінде қолдану мақсатында аулау.

Заңды тұлғалардың, сондай ақ жеке кәсіпкерлердің өндірістік балық аулауға рұқсаттамасының бар жоқтығын, аулауды жүргізу ережелерін сақтауын және рұқсат етілген балық түрлерін аулағанын бақылауды арнайы уәкілетті орган іске асырады.

Уәкілетті орган немесе оның аумақтық органдары ғылыми мекемелермен келісе отырып, балық аулау мақсатының басталуын ертерек немесе кеш мезгілге, алайда балық аулау маусымы жалғасатын жалпы мерзімнен 15 күнтізбелік күннен асырмай белгілеу туралы шешім қабылдай алады.

Бекітілген лимиттен асыра балық аулағаны үшін, балық қорына келтірілген залалды өтеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

5. Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында тыйым салынады:

- Өсімдіктерді жою және жануарлардың тіршілік ету ортасының жай күйін нашарлататын басқа да әрекеттерге;
- Жануарлардың ұялары мен індерін бұзып, қиратуға, жұмыртқаларын жинауға;
- Көбею маусымында балықтардың уылдырығы және суда жүзетін құстардың жаппай ұя салу орындары деп белгіленген орындарда моторлары оталуы катерлермен, моторлы қайықтармен және басқа да жүзгіш құралдармен жүзуге;
- Уәкілетті органмен келіспестен жабайы тұяқты жануарлар мен топтық құстардың мекенінен ұшақтардың, тікұшақтардың және өзгін де ұшатын құралдардың бір километрден төмен ұшуына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін алып қоюға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаттамасында көрсетілген мерзімдерден тыс уақытта және белгіленген лимиттен артық аулауға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін аңшылық және балық аулау ережелерінде көзделмеген құралдар, әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы аулауға;
- Жануарлар дүниесі объектілерін жарылғыш заттар мен улы химикаттар қолдана отырып аулауға;

Уәкілетті органның рұқсатынсыз жануарларды жерсіндіруге және будандастыруға, сондай-ақ қайтадан көндіктірілген жануарларды алып қоюға тыйым салынады.

Егер осы аталған талаптар орындамаса, экологиялық кодексте көзделген жауапкершілікке тартылады.

14 дәріс Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың экологиялық-құқықтық режимі.

1. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың түсінігі, негізгі принциптері.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың құрылуы.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды қорғау және күзету.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жекеленген түрлерінің түсінігі және еркшеліктері.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың түсінігі, негізгі принциптері.

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және «ҚР ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы» заңынан, ҚР Экологиялық Кодексінен және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Бұл заңдар ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін құру, кеңейту, қорғау, қалпына келтіру, орнықты пайдалану және басқару жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттеп отырады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақ - ерекше қорғау режимі бекітілген мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері және жер, су және олардың үстіндегі әуе кеңістігі, табиғи кешендер орналасқан аймақ.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың табиғи кешендері дегеніміз – қорғалуға жататын, биологиялық әртүрлілік пен өлі табиғат объектілерінің жиынтығы.

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры – мемлекеттік қорғауға алынған, аса экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар қоршаған орта объектілерінің жиынтығы.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар және ондағы экологиялық, ғылыми, мәдени маңызы бар қоршаған орта объектілері ҚР ұлттық құндылығы болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саласындағы негізгі принциптерге мыналар жатады: - ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды бірегей және кәдімгі ландшафттарды, биологиялық әртүрлілікті сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін биологиялық жүйенің компоненті ретінде дамыту;

- ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекеттік реттеу мен бақылау;

- мемлекеттік табиғи-қорық қорын және экологиялық жүйелерді сақтау;

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды ғылыми, мәдени, ағартушылық, білім беру және туризм мақсаттарында пайдалану;

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды пайдаланудың ақылы болуы;

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саласындағы ҚР заңнамаларын бұзған үшін жауаптылық;

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы мәселелерді шешуге жеке және заңды тұлғалардың қатысуы;

- ерекше қорғалатын аймақтарда ақпараттың қолжетімділігі;

- ерекше қорғалатын аймақтарда халықаралық ынтымақтастық;

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың құрылуы.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерінің маңыздылығына қарай мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді.

Қорғаудың құру мақсаты мен режим түріне байланысты республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аймақтар төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1. мемлекеттік табиғи қорықтар;

2. мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;

3. мемлекеттік табиғи резерваттар;

4. мемлекеттік зоологиялық парктер;

5. мемлекеттік ботаникалық бақта;

6. мемлекеттік дендрологиялық парктер;

7. мемлекеттік табиғи ескерткіштер;

8. мемлекеттік қорық зоналары;

Құру мақсатына және қорғау режиміне байланысты жергілікті ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мынадай түрлерге бөлінеді:

1. мемлекеттік аймақтық табиғи парктер;

2. мемлекеттік зоологиялық парктер;

3. мемлекеттік ботаникалық бақтар;

4. мемлекеттік дендрологиялық парктер;

5. мемлекеттік табиғи ескерткіштер;

6. мемлекеттік табиғи қорықтар;

Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік аймақтық табиғи парктер заңды тұлға болып табылады және мемлекеттік мекеме түрінде құрылады. Табиғат қорғау мекемелеріне жер учаскелері тұрақты пайдалану құқығымен беріледі.

Жағымсыз сыртқы әсерлерден қорғау және ерекше қорғанысты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттар мен мемлекеттік аймақтық табиғи парктердің айналасында күзет аймақтары орнатылады. Аталған аймақтардың ішінде осы ерекше қорғалатын объектіге қандай да болса нұқсан келтіретін әрекеттерге тыйым салынады. Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттар мен мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің күзет аймағы аумағында табиғат пайдалану мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі оларды құру жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық экономикалық негіздермен анықталады және заңда белгіленген тәртіппен облыстардың атқарушы органдарының шешімдерімен белгіленеді.

Бұл ретте меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерінің шекаралары бойынша немесе табиғи географиялық межелер бойынша белгіленетін және сол жерлерде арнаулы белгілермен белгіленетін күзет аймағының ені екі километрден кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдардың аумағы шегінде осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелерінің және оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін кез келген қызметті шектеу меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелеріне ауыртпалық болып енгізіледі және бұл жерге орналастыру құжаттамасында ескеріледі.

Жер учаскелерін ерекше қорғалатын табиғи аймаққа енгізу жөніндегі шешім

- республикалық мәндегі ерекше қорғалатын табиғи аймақ үшін - өкілетті органның ұсынысымен ҚР үкіметі тарапынан;

- жергілікті мәндегі ерекше қорғалатын аймақ үшін - өкілетті органмен келісе отырып, облыстық атқарушы органдар (республикалық мәндегі қалалар, астана) тарапынан қабылданады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақ жерлері, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілері орналасқан өзге де категориядағы жер учаскелері мемлекеттің меншігі болып табылады, сол себепті жекешелендіруге жатпайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жерін алуға және жердің өзге категорияларына ауыстыруға жол берілмейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақ жерінде оның мақсатына сай келмейтін кез келген әрекетке тыйым салынады.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға жауапты мемлекеттік органдар әр территория үшін бекітілген үлгідегі паспорт дайындап, өкілетті органда оны тіркейді.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақ паспортында мынадай нәрселер көрсетілуге тиіс:

- ерекше қорғалатын аймақтың атауы, оның түрі мен категориясы;

- ерекше қорғалатын табиғи аймақты құрған немесе кеңейткен мемлекеттік органның акті атауы, нөмірі және оны қабылдау мерзімі;

- ерекше қорғалатын аймаққа жауапты мемлекеттік органның атауы;
- ерекше қорғалатын аймақты күзетке алған заңды тұлға статусын иеленбеген мекеменің атауы;
- ерекше қорғалатын аймақтың орналасу орны туристік инфрақұрылымы, географиялық координаталары, шекара сипаты, оның аумағы мен күзет зонасы белгіленген карта-схемасы;
- рұқсат берілген және тыйым салынған қызмет түрлері, ерекше қорғалатын аймақтарда жекелеген қызмет түрлерін шектеу;
- жұмыс режимі, кіру ережесі, рекреациялық ауыртпалық;

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды қорғау және күзету.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақта немесе соған бөлінген арнайы зоналар мен учаскелерде күзеттің келесі түрлері енгізілген:

Мемлекеттік табиғи-қорық қорындағы табиғи кешендердің табиғи қалыбын, сондай-ақ кез келген шаруашылық қызметке тыйым салатын қорық режимі;

Жылдың маусымына қарай шаруашылық немесе өзге де қызметке тыйым салуды көздейтін тапсырыс режимі;

Шаруашылық қызметті реттейтін режим – табиғи кешендерді пайдалануды шектейтін, сондай-ақ жер учаскелері иелері мен жерді пайдаланушылар тарапынан қандай да болсын зиян келтірмейтін әдіс-тәсілдерді қарастырады.

Қоршаған ортаға әсер ететін зиянды әрекеттердің алдын алу мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аймақта қорғау мен күзет жүзеге асырылуы мүмкін.

Күзетке:

Аумақты шолу (патрулирование), соның ішінде жер және әуе көлігін пайдалану арқылы ҚР заңнамасына бұзушылықтың алдын алу мақсатын көздейді;

өрттің алдын алу, байқау, сөндіру;

суды ластанудан, қоқыстанудан, саркылудан қорғау;

Қорғауға мыналар жатады:

Судың зиянды әсерінің алдын алу және жою;

өсімдіктерді қорғау, зиянды жәндіктер мен ауруларды дер кезінде байқап, олармен күресу, орманды тазалық мақсатында отау;

тұрғындардың тазалық-эпидемиологиялық жағдайын мен ветеринарлық мониторингті қамтамасыз ету, эпидемиялар мен эпизоотиялардан сақтандыру мақсатында жануарлар санын бақылау;

жерді эрозиядан қорғау.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың жекеленген түрлерінің түсінігі және ерекшеліктері.

Мемлекеттік табиғи қорық – табиғат қорғау және ғылыми мекеме статусы бар ерекше қорғалатын аймақ. Оның мақсаты болып табиғи процестер мен құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің объектілерін, жануарлар мен өсімдіктердің жекелеген түрлерін, экологиялық жүйелердің бірегей және кәдімгі түрлерін сақтау, зерттеу және қалпына келтіру табылады. Мемлекеттік табиғи қорықтарының негізгі қызметіне мыналар жатады: мемлекеттік табиғи қорығының және оның күзет аймағының биологиялық әртүрлілігін қалпына келтіру мен қорғау режимін қамтамасыз ету; экологиялық жүйелер мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне мониторинг пен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру; экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізу; мемлекеттік табиғи қорық және оның күзет аймағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсатта пайдалануды реттеу және т.б.

Мемлекеттік табиғи қорықтың бүкіл аумағында қорықтық қорғау режимі белгіленеді және мынадай іс әрекеттерге тиым салынады: аймақтың гидрологиялық режимін өзгертетін іс әрекеттерге; мемлекеттік табиғи қорықтың қызмет етуіне байланысты емес құрылыстарды, жолдарды, құбырларды және басқа да коммуникацияларды салуға; геологиялық барлау жұмыстарына және пайдалы қазбаларды өндіруге; жануарларды ұстау мен жоюға, олардың

мекен ету ортасын бұзуға; зиянкестермен, жануарлар мен өсімдіктердің ауруларына қарсы химиялық, биологиялық әдістерді қорғауға; үй жануарларын айдап өтуге.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парк – биологиялық және ландшафттық әртүрлілікті сақтауға, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени, және рекреациялық аса маңызды табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсатта пайдалануға арналаған табиғат қорғау және ғылыми мекеме статусы бар, ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Қазіргі кезде республикамызда 9 мемлекеттік ұлттық парк бар. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктардың негізгі қызметіне мыналар жатады: табиғи кешендерді, бірегей және эталондық табиғи учаскелерді, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, табиғи және тарихи-мұраны сақтау; мемлекеттік ұлттық табиғи парктің және оның күзет аймағының қорғау режимін қамтамасыз ету; экологиялық ағарту; бұзылған табиғи кешендерді, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, табиғи және тарихи-мәдени мұраны қалпына келтіру. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктардың аумағында келесі аймақтар бөлінеді: 1) қорықтық режим аймағы; 2) экологиялық тұрақтандыру аймағы; 3) туристік және рекреациялық қызмет аймағы; 4) шектеулі шаруашылық жүргізу аймағы.

Мемлекеттік табиғи резерват – табиғи кешендер мен онымен байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілерді қорғау, қалпына келтіру және биологиялық әртүрлілікті қамтамасыз етуге арналған, жер үстіндегі мен судағы экологиялық жүйелерді қамтитын, табиғат қорғау және ғылыми мекеме нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Қазіргі кезде республикада екі мемлекеттік табиғи резерват бар: «Семей орманы» және «Ертіс орманы».

Мемлекеттік табиғи резерват территориясы әртүрлі қорғау мен пайдалану режиміндегі аймақтарға бөлінеді. Олар – қорық режимінің аймағы және буферлік аймақ.

Мемлекеттік зоологиялық парктар – табиғатты қорғау, мәдени ағартушылық, ғылыми, оқытушылық, жануарлардың генофондын сақтау мен оларды жасанды ортада өсіру мақсатында құрылған, табиғат қорғаушы және ғылыми мекеме статусы бар ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Мемлекеттік зоологиялық парктар төмендегідей аумақтарға бөлінеді:

- 1) Экспозициялық;
- 2) Ғылыми;
- 3) Қоғамдық;
- 4) Әкімшілік және өндірістік-шаруашылық.

Мемлекеттік ботаникалық бақ - өсімдік әлемін, сонымен қатар сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар өсімдіктер түрін қорғау, өсімін молайту және пайдалануды зерттеу және ғылыми жобалау үшін құрылған, табиғат қорғаушы және ғылыми мекеме статусы бар, ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Біздің мемлекетімізде бес мемлекеттік ботаникалық бақ бар. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда экспозициялық, ғылыми, қоғамдық, әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аумақтар бөлінеді.

Мемлекеттік дендрологиялық парк – ағаш пен бұта түрлерін қорғау, күзету, өсімін молайту және пайдалану үшін құрылған, табиғат қорғаушы және ғылыми мекеме статусы бар ерекше қорғалатын табиғи аймақ.

Мемлекеттік табиғат ескерткіші – мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілеріне жатқызылған, экологиялық, ғылыми, мәдени және эстетикалық мағынада жекеленген қайталанбайтын, орны тлолтырылмайтын, құнды табиғат кешендері орналасқан ерекше қорғалатын табиғи аймақ.

Мемлекеттік табиғи заказниктер – мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін бір немесе бірнеше түрлерін сақтау және өсімін молайту үшін құрылған, тапсырыс және шаруашылық қызмет режимімен реттелетін ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Мемлекеттік маңызы бар табиғи заказниктер республиканың барлық аумағында бар және олардың саны қазіргі уақытта елуге жетті. Өзінің қызметіне байланысты олар – кешенді, биологиялық,

палеонтологиялық, гидрологиялық, геоморфологиялық және т.б. түрлерге бөлінеді. Мемлекеттік табиғи заказниктер мерзімсіз, ұзақ және қысқа мерзімге құрылады.

Мемлекеттік қорық аумағы – күзет режимінің дифференцияланған түрлерімен ерекше қорғалатын аумақ - мемлекеттік табиғи қорық ретінде резервацияланған жер учаскелеріндегі және акваториялардағы биологиялық әртүрлілікті, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттарды мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғауға және қалпына келтіруге арналған.

15 дәріс Халықаралық экологиялық құқық

1. Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі
2. Халықаралық экологиялық құқықтың пәні
3. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары
4. Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көзі
5. Халықаралық экологиялық ұйымдар

1. Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі

Адамдардың табиғатқа барған сайын тигізер әсері соншалық, қоршаған ортаны қорғау мәселесі адамдардың өмірін де сақтаумен байланысты болып отыр. Осыған байланысты саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық тәсілдерді пайдалана отырып экологиялық мәселені шешу басты сауал болып отыр.

Экологиялық мәселелерді шешу тек бір ғана мемлекеттің немесе елдің қарастыруымен шектелмейді, олар бүкіл әлемдік сипатқа ие. Әлемдік экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі халықаралық ұйымдарға бірігу, халықаралық қарым-қатынсты дамытумен тығыз байланысты.

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты әлемдік тұрғыдан табиғатты қорғау барынша көп мемлекеттердің өзара тығыз қатынас орнатпайынша мүмкін емес. Табиғат баршаға ортақ, оның заңы жалпыға тән. Ол мемлекеттік немесе әкімшілік территориялық шектеуді білмейді. Ұлттық тұрғыдан табиғатты қорғауға байланысты іс әрекеттер жасау сонымен қатар басқа да ұлттар мен халықтардың іс-әрекеттерімен үндес болуы керек.

Әлемдік қоғамдастық табиғатты қорғауға байланысты үлкен үлес қосады, өз үлесін сонымен бірге Қазақстан Республикасы да қосуда. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай делінген: жалпыға тән халықаралық нормалар мен қағидалардың, халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады делінген.

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау аясында табиғатты қорғау мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен белсенді өзара әрекеттер жасауда. Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан табиғатты қорғауға байланысты басқа да мемлекеттермен бірігіп нәтижелі әрекеттер жасауда. Қазақстан 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының “Дүниежүзілік конференцияларды тұрақты дамыту” жөніндегі Рио-де – Жанейро декларациясына қол қойды. Ол декларацияда қоршаған ортаны қорғау және дамыту мәселесі, оның ішінде табиғаты тез бұзылуға тән мемлекеттер қарастырылған. Бұл мемлекеттер әлемдік тұрғыдан экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі қорғауды қажет етеді.

2004-2015 экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында белгіленгендей, Қазақстанның табиғаты шөлді, шөлейтті болып келеді. Қалыптасқан жағдай бойынша экономикаға көңіл бөлу бір жағынан табиғатқа өзінің жағымсыз әсерін тигізетіні сөзсіз. Тұжырымдамада ұлттық және локальдік проблемалардан басқа да глобальді мәселелер қарастырылған. Міне осы мәселелерді шешу үшін халықаралық қатнасты дамыту қажеттігі өз-өзінен түсінікті.

1992 жылы бекітілген Рио-де – Жанейро декларациясында тұрақты дамудың принциптерінің негізгі бағыттары ретінде:

Халықаралық келісімдердің практикалық тұрғыда жүзеге асуы;
Қоршаған табиғи ортаны бағалаудың сапасы мен бақылаудың жалпыға ортақ әдісін, критерин және процедурасын шығару;
Экологиялық зерттеуді барынша жетілдіру;
Экологиялық мәселелерді шешу кезінде халықаралық тәжірбиелерді қолдану;
Экологиялық бағадарламалар мен тұжырымдамаларды қаржыландырудың халықаралық ұйымдардан қаржы тарту болып табылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық қатнастарды барынша дамыту үшін қабылданатын барлық бағдарламалар мен тұжырымдарда халықаралық қарым-қатынас мәселелерін алдыға қойған жөн. Осы айтылғандардың барлығы тағыда халықаралық тұрғыда қоршаған табиғи ортаны қорғау қажеттігін көрсетеді. Халықаралық әріптестіктің қалыптасып серпінді дамыған бағыты болып – қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау болып табылады.

Сонымен халықаралық экологиялық құқық дегеніміз – субъектілердің қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану және оны қорғауға байланысты қоғамдық қатнастарды реттейтін халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады.

2. Халықаралық экологиялық құқықтың пәні

Халықаралық экологиялық құқықтың өзіндік құқық реттеу пәні – ол халықаралық экологиялық қатынастар яғни олар өзінің мазмұны бойынша басқа қатынастардан әсіресе ішкі заңнамадан халықаралық әріптестік бойынша ажыратылады. Жалпыға тән халықаралық құқықтық нормалар мен қағидалардан берілген құқықтық құрлым экологиялық құқықтық қатнастарды реттеуде өзгешелігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар өзіндік қайнар көздердің болуы да ерекшелендіреді олардың қатарына конвенция, шарт, келісім, халықаралық ұйымдардың резалюциясы және тағы басқа.

Егер ішкі экологиялық құқық тек бір ғана мемлекеттің еркін білдірсе, ол халықаралық экологиялық құқық өзара ортақ екі немесе одан да көп мемлекеттердің не халықаралық ұйымдардың еркін білдіреді. Екеуінің бір-біріне түйісуі кезінде басымдық әрине халықаралық экологиялық құқықтың нормаларына беріледі.

Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық құқықтың пәндік ерекшеліктері ретінде мыналарды белгілеуге болады:

Қоршаған ортаға әсерін тигізетін зияндарды шектеу;
Табиғи ресурстарды пайдаланудың экономикалық жағынан мақсаттылығы;
Ескерткіштерді халықаралық құқықтық қорғау;
Мемлекеттің қоршаған ортаға байланысты ғылыми-техникалық құрлыстарын реттеу;

3. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары

Әрбір құқық саласының өзіне тән ерекшелігінің бірі оның алдыға қайған мақсаттарына жету үшін белігі бір бағыт-,бағдар ұстану болып табылады. Ол бағыт-бағдар – қағида болып табылады. “Принцип” латын тілінен аударғанда негіз, бастма деген мағына білідеді. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары дегеніміз – ол субъектілердің қарым-қатынасын реттейтін заңды бекітілген халықаралық экологиялық құқықтың бастауы болып табылады.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидасы – барлық субъектілерге міндетті болып табылатын халықаралық экологиялық құқықтық норма болып табылады.

Әрбір мемлекет өзінің қоршаған ортасына байланысты кез келген әрекет жасаған мезгілде өзінің қағидаларымен қатар жалпыға ортақ халықаралық экологиялық қағидаларды басшылыққа алған жөн. Бір мемлекеттің зиянды әрекеті басқа мемлекеттің де қоршаған табиғи ортасына әсер ететіндігін ұмытпау керек. Бұл жерде негізгі басшылыққа алынатын қағидалар ретінде мыналар болады: мемлекеттің егемендігін сыйлау, мемлекеттердің теңдігі, территориялық қол сұғылмаушылығы және тұтастығы, өзара әріптестік, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқықтық жауапкершілік. Халықаралық деңгейде қағидалардың алғашқы көрініс табуы ол 1972 жылы «Адамды қоршаған табиғи орта мәселесі туралы» Стокгольм декларациясында баяндалған болатын. Онда негізгі үш қағида баяндалған:

Біріншісі кез келген мемлекет өз ресурстарын ұлттық саясатқа сәйкес жүзеге асыруына құқылы, бірақ ол басқа мемлекеттердің қоршаған табиғи ортасына зиянды болмауы керек;

Екінші қағида кез келген табиғи ресурс ауа, табиғи байлық, жер, су, флора, фауна және тағы басқалар бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақталып пайдалануы керек;

Үшінші қағида ол сарқылатын табиғи ресурстар барынша үнемді және халықаралық деңгейде барынша пайда әкелуі керек;

Бұдан басқа қағидалардың қатарына 1988 жылы 28-қазанда БҰҰ-мен мақұлданған «Дүниежүзілік табиғат хартиясы», БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 45 сессиясында мақұлданған «Глобальді климатты бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақтау» резолюциясы және тағы да басқа конвенцияларда әр түрлі қағидалар көрініс тапқан. 2007 жылы 9-қаңтарда қабылданған жаңа экология кодексінде жоғарыда аталған халықаралық келісімдердің қағидалары орын алған.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінде Қазақстанның қоршаған табиғи ортаны қорғауға байланысты халықаралық келісімдер жасаудың келесідей қағидалары баяндалған:

Халықаралық міндеттемелерді өз еркімен орындау;

Мемлекеттің табиғи ресурстарын өндіру кезінде егеменді құқығын құрметтеу;

Табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуде ұлттық мүддені көздеу;

Басқа мемлекет пен елдерге келтірілген зиян үшін мемлекеттің жауапкершілігі;

Оңтайлы шаралар қолдану мен абайлылық;

Жергілікті, ұлттық және дүниежүзілік қатнастарда өзара көмек;

Зиян келтірген тараптың жауаптылығы;

4. Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көзі

Халықаралық экологиялық құқықта қайнар көзді екі мағынада түсінуге болады:

1) Материалдық мағынада;

2) Формальдық мағынада;

Бірінші жағдайға тоқталсақ халықаралық экологиялық құқықтық қатынастың материалдық мағынадағы қайнар көзі дегеніміз – қоршаған табиғи ортаны пайдалануға және ұтымды қолдануға байланысты дүниежүзілік қоғамдастық мүшелерінің еркін айтамыз.

Ал формальдық мағынада халықаралық экологиялық құқықтық қатынастың қайнар көзі дегеніміз – негізгі басшылыққа алынатын құқықтық нормаларды айтамыз. Олар

шарттар, келсімдер, конвенция, резалюция және тағы басқалар. Кейбір жағдайда сонымен қатар белгілі бір мемлекеттің ұлттық заңдарыда қайнар көз қатарына жатады.

Қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау аясындағы орталық қайнар көз ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының резалюциялары орын алады:

«Табиғатты қорғау және экономикалық даму» 1962 жыл 18-желтоқсан;

«Жердің табиғатын сақтауға байланысты мемлекеттің бүгінгі және болашақ ұрпақ алдында тарихи жауапкершілігі» 1980 жыл.

Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың қайнар көзі ретінде шарттардың орны ерекше. Қазақстан Республикасының 30.05.2005 жылы қабылданған «халықаралық шарттар туралы» заңында халықаралық шарттарды жасасудың, қолданудың өзгертудің және тоқтатудың тәртібі баяндалған. Халықаралық шарттар екіге бөлінеді:

- 1) Екі жақты;
- 2) Көп жақты;

Шарттарды реттеу пәніне байланысты үшке бөлуге болады:

- 1) Қоршаған ортаны қорғауға жанама қатысы бар шарттар;
- 2) Қоршаған ортаны қорғаудан басқа бірақ, кейбір табиғи объектілер мен ресурстарға қатысы бар шарттар;
- 3) Тұтастай қоршаған ортаны қорғауға байланысты шарттар;

Келесі қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғауының көлемді қайнар көзі болып конвенциялар табылады. Конвенцияға қосылу біраз шығын шығартады, мысалы мүшелікке өтуге байланысты, бірақ оның пайдасы өте көп. Себебі көптеген конвенцияларға қосылу арқылы әртүрлі мемлекеттерден қолдау көрсетіліп, көмектер беріледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы көптеген конвенцияға қосылып оларды ратификациялаған.

Тағыда бір жеке топ ол қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғауға байланысты келсімдер табылады. Кесімдер түрлері: екі жақты, көп жақты, мемлекет аралық, аралас (халықаралық ұйымдардың қатысуымен), үкіметаралық, ведомства аралық, глобалді, регионалді, субрегионалді, табиғи ортаның барлық элементтерін қамтитын немесе жекелей элементтерін қамтитын болып бөлінеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Ресей, АҚШ, Канада, Англия, Турция, Япония, Қытай және тағы басқа мемлекеттермен қоршаған табиғи ортаны қорғауға байланысты түрлі келісімдерге отырған.

Қайнар көз ретінде әдет-ғұрыптар мен хаттамалар да табылады. Мысалы «Мұнаймен қоршаған ортаны былғағаны үшін азаматтық жауапкершілік туралы» халықаралық конвенцияның хаттамасы 1969 жыл Лондон. Халықаралық шарттар болмаан жағдайда мемлекеттер арасында дау әдет-ғұрып арқылы шешуге болады. Мысалы әдет-ғұрып қағидасы ретінде көрші мемлекеттің табиғатына зиян келтірмеуді жатқызуға болады.

5. Халықаралық экологиялық ұйымдар

Бүгінгі таңда халықаралық қатнастарда халықаралық ұйымдардың алатын орны өте үлкен әрі маңызды болып табылады. Оның себебі осы ұйымдар арқылы көптеген қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер төңірегіндегі даулы жағдайлар бейбіт жолмен шешуге қол жеткізіледі. Ол әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте жоғары қарқын дамып қазіргі кезде әлемде көптеген халықаралық ұйымдар қызмет істеуде. Халықаралық экологиялық байланыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының әсіресе оның мамандандырылған бөлімдерінің ролі жоғары болып табылады. Адамды қоршаған табиғи ортаны қорғау осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан шығады.

Халықаралық ұйым дегеніміз – халықаралық шартқа байланысты құрылған, бір мақсатқа жету үшін тұрақты органдары бар, мүше мемлекеттердің мүддесін көздейтін мемлекеттердің бірлестігі болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар;

Табиғаттың жекеленген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.)

Функционалды атқаратын қызметіне байланысты ұйымдар: ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-ақпараттық, құқықшығармашылық-консультативтік және тағы басқа.

Пәндік жіктеуден басқа халықаралық ұйымдар құқықтық статусына және өкілеттігінің қолдану аумағына байланысты бөлінеді. Қолдану аумағына байланысты: глобальді және региональді болып бөлінеді.